

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, олқылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 27 сәуірдегі № 15-V Заңы

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 23-24 (қосымша); 1995 ж., № 15-16, 109-құжат; № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 187-құжат; № 14, 274-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 1-2, 8-құжат; № 5, 55-құжат; № 12, 183, 184-құжаттар; № 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., № 2-3, 23-құжат; № 5-6, 50-құжат; № 11-12, 178-құжат; № 17-18, 224, 225-құжаттар; № 23, 429-құжат; 1999 ж., № 20, 727, 731-құжаттар; № 23, 916-құжат; 2000 ж., № 18, 336-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 7-құжат; № 8, 52-құжат; № 17-18, 240-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 2, 17-құжат; № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 11, 56, 57, 66-құжаттар; № 15, 139-құжат; № 19-20, 146-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 56-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 10, 31-құжат; № 14, 58-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20, 21-құжаттар; № 4, 28-құжат; № 16, 131-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114, 115-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 16, 18-құжаттар; № 8, 44-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 125, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 2, 21, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 4, 37-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 13, 15-құжаттар; № 6, 43-құжат):

1) мазмұнындағы 107-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
«107-бап. Қор»;

2) 34-баптың 3-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлға мекеме, қоғамдық

бірлестік, акционерлік қоғам, тұтыну кооперативі, қор, діни бірлестік нысанында және заңнамалық актілерде көзделген өзге де нысанда құрылуы мүмкін.»;

3) 36-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мүлкіне олардың құрылтайшылары (қатысушылары) мүліктік құқықтарын сақтамайтын заңды тұлғаларға қоғамдық бірлестіктер, қорлар және діни бірлестіктер жатады.»;

4) 107-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«107-бап. Қор

1. Азаматтар және (немесе) заңды тұлғалар ерікті мүліктік жарналар негізінде құрған, әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени, білім беру және өзге де қоғамға пайдалы мақсаттарды көздейтін, мүшелігі болмайтын коммерциялық емес ұйым қор деп т а н ы л а д ы .

2. Қор заңды тұлға болып табылады, азаматтық айналымда қордың органдары өкілдік етеді, оның дербес балансы және банк шоты болады.

3. Қорға оның құрылтайшылары берген мүлік қордың меншігі болып табылады.

Қор құрылтайшыларының қордың мүлкіне мүліктік құқықтары болмайды.

4. Құрылтайшылардың ақшасы, сондай-ақ басқа да мүлкі, демеушілік, ерікті түрде жиналған қайырмалдықтар және өзге де заңды түсімдер қордың қаржы көзі болып т а б ы л а д ы .

5. Қорды басқару тәртібі және оның органдарын құру тәртібі оның құрылтайшылар бекітетін жарғысында айқындалады.

Қордың жарғысында осы Кодекстің 41-бабының 5-тармағында қамтылатын мәліметтерден басқа, қордың органдары туралы, қордың лауазымды адамдарын тағайындау және оларды босату тәртібі, қор таратылған жағдайда оның мүлкінің тағдыры туралы нұсқаулар қамтылуға тиіс.

6. Қор өз мүлкінің пайдаланылуы туралы есептерін ресми баспасөз басылымдарында жыл сайын жариялап отыруға міндетті.

7. Қор сот шешімі бойынша мынадай жағдайларда:

1) егер қордың мақсаттарын жүзеге асыру үшін оның мүлкі жеткіліксіз болса және оның қажетті мүлікті алу ықтималдығы нақты болмаса;

2) егер қордың мақсаттарына қол жеткізу мүмкін болмаса, ал қор мақсаттарына қажетті өзгерістер жасау мүмкін болмаса;

3) қор өз қызметінде жарғыда көзделген мақсаттардан жалтарған жағдайда;

4) заңнамалық актілерде немесе құрылтай құжаттарында көзделген басқа да жағдайларда таратылуы мүмкін.

8. Қор таратылғаннан кейін қалған мүлік оның жарғысында көзделген мақсаттарға жұмсалады.»;

5) 244-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Құрылыс салушының өзіне тиесілі емес жер учаскесінде, мемлекетке тиесілі

жерлерді қоспағанда, өз бетімен құрылыс салуға меншік құқығын сот Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасының талаптарына құрылыс сәйкес келген жағдайда жер учаскесі иесіне өтемақы төлене отырып, соңғысының бұған келісімі болған кезде тануы мүмкін.»;

б) 3 0 1 - б а п т а :

тақырып және 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

« 3 0 1 - б а п . К е п і л м ә н і

1. Кез келген мүлік, оның ішінде айналымнан алынған заттарды (осы Кодекстің 116-бабының 2-тармағы), кредитордың жеке басымен тығыз байланысты талаптарды, атап айтқанда алименттер, өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы талаптарды және оларды басқа тұлғаға беруге заңнамалық актілермен тыйым салынған өзге де құқықтарды қоспағанда, заттар және мүліктік құқықтар (талаптар) кепіл мәні б о л у ы м ү м к і н . » ;

2-тармақтағы «болашақта» деген сөз - «келешекте», «салушының» деген сөз - «берушінің», «иелігіне» деген сөз - «жүргізуіне» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Өндіріп алуға жол берілмейтін мүліктің жекелеген түрлерін, атап айтқанда, азаматтардың мүлкін кепілге қоюға заңнамалық актілермен тыйым салынуы немесе ол шектелуі мүмкін.».

2. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 16-17, 642-құжат; № 23, 929-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 7-құжат; № 4, 25-құжат; № 11, 56-құжат; № 14, 103-құжат; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 3-4, 16-құжат; № 5, 25-құжат; № 6, 42-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 4, 24, 25-құжаттар; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 3, 21-құжат; № 4, 28-құжат; № 5-6, 37-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; № 9-10, 48-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 3-4, 12-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50, 53-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 13, 14, 15-құжаттар):

1058-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мүліктік сипаты бар әрекеттер мәні болып табылатын жүктеуге, тиісінше осы Кодекстің 1057-бабының қағидалары қолданылады.».

3. 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 18, 644-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 15-16, 239-құжат; № 21-22, 281-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., №

10, 49-құжат; № 14, 109-құжат; № 15, 138-құжат; 2004 ж., № 5, 25-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 140-құжат; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 13, 53-құжат; № 24, 123-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 4, 28-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 13, 99-құжат; 2008 ж., № 13-14, 56-құжат; № 15-16, 62-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 17, 81-құжат; № 24, 127, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 3-4, 12-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 17-18, 111-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 151-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 28-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 14, 117-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; № 23, 179-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 6, 43, 44-құжаттар):

1) мазмұнындағы 383-3-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
«383-3-бап. Істі талап ету, кассациялық шағымды немесе наразылықты беру тәртібі»

;

2) 383-3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«383-3-бап. Істі талап ету, кассациялық шағымды немесе наразылықты беру тәртібі

Кассациялық шағымдар мен наразылықтар іске қатысушы адамдардың санына сәйкес көшірмелерімен қоса тікелей кассациялық сатыдағы сотқа жолданады және беріледі. Прокурордың кассациялық наразылығы, шағымы азаматтық іспен бірге кассациялық сатыдағы сотқа жіберіледі.

Қажетті жағдайларда сот кассациялық шағым немесе наразылық берген адамды, шағымға немесе наразылыққа қоса тіркелген жазбаша дәлелдемелердің көшірмелерін іске қатысушы адамдардың санына сәйкес ұсынуды міндеттей алады.

Азаматтық істі тиісті соттан кассациялық наразылық беру құқығы бар прокурорлар кассациялық тәртіппен тексеру үшін талап ете алады. Прокурордың істі талап ету туралы сұрау салуын сот заңды күшіне енген сот актілерін орындау үшін іс жүргізу әрекеттерін орындағаннан кейін ғана орындайды.»

4. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160-құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжаттар; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20, 23-құжаттар; № 4, 28,

33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 9, 44-құжат; № 11, 58-құжат; № 13, 67-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112, 114-құжаттар; № 20-21, 119-құжат; № 22, 128, 130-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7, 9-құжаттар; № 2, 19, 25, 26, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 115, 116-құжаттар; № 14, 117-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; № 17, 136-құжат; № 19, 145-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11, 13, 14, 16-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 26, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35, 36-құжаттар):

1) м а з м ұ н ы н д а :

357-4-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«357-4-бап. Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңнамасын бұзу»;

378-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«378-бап. Тұрғын жай меншік иесінің немесе қарамағында тұрғын жайлар, ғимараттар және (немесе) үй-жайлар бар басқа да адамдардың ішкі көшіп-қонушыларды тіркеу қағидаларын бұзуы»;

2) 3-баптың екінші бөлігіндегі «, қалалар мен аудандардың» деген сөздер алып тасталсын;

3) 69-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Созылып кеткен әкімшілік құқық бұзушылық кезінде, сондай-ақ қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне қол сұғылатын, қаржы және бюджет, заңсыз нормативтік құқықтық актіні басып шығару мен қолдану саласында әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде және нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу қағидаларын бұзғаны үшін адам әкімшілік құқық бұзушылық анықталған күннен бастап екі ай өткеннен кейін әкімшілік жауаптылыққа тартуға жатпайды.»;

4) 300-баптың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті өкілді органдары белгілеген жасыл желектерді күтіп-ұстау және қорғау қағидаларын бұзу -»;

5) 310-баптың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) індеттің немесе өзге де ауыр зардаптардың таралуына әкеп соқпаған

ветеринария саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдарының және өкілді органдарының індетке қарсы күрес мәселелері жөніндегі шешімдерін бұзу түрінде жасалған бұзушылық -»;

6) 311-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті өкілді органдары белгілеген, қалаларда және басқа да елді мекендерде иттерді ұстау қағидаларын бұзу -»;

7) 354-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен міндеттерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің заңнамада белгіленген қағидаларын лауазымды адамдардың бұзуы - жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.»

;

8) 357-4-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«357-4-бап. Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңнамасын бұзу»;

9) 3 7 7 - б а п т а :

екінші бөліктің бірінші абзацындағы «іс-әрекет» деген сөз «әрекет» деген сөзбен ауыстырылсын ;

төртінші бөліктің бірінші абзацындағы «іс-әрекеттер» деген сөз «әрекеттер» деген сөзбен ауыстырылсын;

10) 378-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«378-бап. Тұрғын жай меншік иесінің немесе қарамағында тұрғын жайлар, ғимараттар және (немесе) үй-жайлар бар басқа да адамдардың ішкі көшіп-қонушыларды тіркеу қағидаларын бұзуы

1. Тұрғын жай меншік иесінің немесе қарамағында тұрғын жайлар, ғимараттар және (немесе) үй-жайлар бар басқа да адамдардың меншік иесіне тиесілі немесе басқа да адамдардың қарамағындағы тұрғын жайларда, ғимараттарда және (немесе) үй-жайларда нақты тұрмайтын жеке тұлғаларды тіркеуге жол беруі - жеке тұлғаларға – бес, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – он бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет - жеке тұлғаларға – он, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік

субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Тұрғын жай меншік иесінің немесе қарамағында тұрғын жайлар, ғимараттар және (немесе) үй-жайлар бар басқа да адамдардың меншік иесіне тиесілі немесе басқа да адамдардың қарамағындағы тұрғын жайларда, ғимараттарда және (немесе) үй-жайларда тіркелген және тұрмайтын жеке тұлғаларды тіркеуден шығару жөнінде ш а р а л а р қ о л д а н б а у ы -

лауазымды адамдарға – он, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет - лауазымды адамдарға – жиырма, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

1 1) 3 9 4 - б а п т а :

үшінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.»;

төртінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«Он бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға алынып, Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберілуіне әкеп соғады.»;

1 2) 4 7 3 - 1 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші және үшінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:
«техникалық байқау операторының қызметіне тексеру жүргізу кезінде белгіленген, механикалық көлік құралы мен оның тіркемелерінің техникалық жай-күйіне сәйкес келмейтін параметрлер көрсетілген техникалық байқаудың диагностикалық картасын б е р у ;

техникалық байқау операторының техникалық ақауы бар механикалық көлік құралы мен оның тіркемелерінің иесіне міндетті техникалық байқаудан өткені туралы к у ә л і к б е р у і ; » ;

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«техникалық байқау операторларының тізілімінен шығара отырып, дара кәсіпкерлерге және шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Техникалық байқау операторларының тізіліміне енгізген кезде көрінеу дәйексіз
а қ п а р а т ұ с ы н у , —

техникалық байқау операторларының тізілімінен шығара отырып, дара кәсіпкерлерге және шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

бесінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«техникалық байқау операторларының тізілімінен шығара отырып, дара кәсіпкерлерге және шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.».

5. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 13, 99-құжат; 2005 ж., № 9, 26-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 79, 83-құжаттар; № 16, 97-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 14, 105-құжат; № 15, 106, 109-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 17, 139-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 15-16, 64-құжат; № 21, 95-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84, 86-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 49, 50-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 114-құжат; № 15, 120-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11-құжаттар; № 3, 27-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат):

5 2 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Кодексте көзделген жағдайлардан басқа, үйге (құрылысқа, ғимаратқа) меншік құқығы көрсетілген үйлер (құрылыстар, ғимараттар) орналасқан жер учаскесіне заңнамада белгіленген тәртіппен меншік құқығын білдіреді. Осы баптың 7-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік заңды тұлғалардың үйге (құрылысқа, ғимаратқа) шаруашылық жүргізу құқығы немесе жедел басқару құқығы көрсетілген объектілер орналасқан жер учаскесіне белгіленген тәртіппен тұрақты жер пайдалану құқығын білдіреді.

Көрсетілген құқықтар бір-бірінен ажыратылмайды.»;
мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

«7. Осы баптың 1-тармағының ережелері мемлекеттік жер пайдаланушыларға бекітіп берілген «Байқоңыр» кешенінің үйлеріне (құрылыстарына, ғимараттарына) қолданылмайды.».

6. 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 1, 1-құжат; № 20, 152-

құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 11-12, 55-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 129-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат):

1) мазмұнындағы 77-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
«77-бап. Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат беруден бас тарту, оны тоқтата тұру, жою, одан айыру»;

2) 17-баптың 8-1) тармақшасы алып тасталсын;

3) 60-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі «Парниктік» деген сөз «Ластағыштар ретінде Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген заттар шығарындыларын қоспағанда, парниктік» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 68-баптың үшінші бөлігіндегі «Парниктік» деген сөз «Ластағыштар ретінде Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген заттар шығарындыларын қоспағанда, парниктік» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 77-баптың тақырыбындағы «және қайта жалғастыру» деген сөздер алып тасталсын.

7. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 21, 93-құжат; 2009 ж., № 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 24, 146, 149, 150-құжаттар; 2011 ж., № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 125-құжат; № 16, 129-құжат; № 20, 151-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 16-құжат; № 3, 21-құжат; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 36, 41-құжаттар):

1) 3 4 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Мемлекеттік қызмет көрсету деп орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың, олардың ведомстволық бағыныстағы ұйымдары мен өзге де жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдардың жекелеген функцияларын іске асыру нысандарының бірі болып табылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, жеке және заңды тұлғалардың (орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарды қоспағанда) қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған, жеке-дара сипаттағы әрі жеке және (немесе) заңды тұлғалардың (орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарды қоспағанда) өтініші бойынша жүзеге асырылатын қызметі танылады.»;

2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Президентіне бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган әзірлейтін мемлекеттік қызмет көрсету стандартын Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімімен Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.»;

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік қызметтер көрсету тізілімі деп мемлекеттік қызметтерді алушылар, оларды көрсетуді қамтамасыз ететін орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдар және басқа да сипаттамалары көрсетіле отырып, республикалық және жергілікті деңгейлерде көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің үнемі жаңартылып отыратын тізбесін қамтитын нормативтік құқықтық акт түсініледі.»;

2) 85-баптың 9-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері мен бюджеттік бағдарламалардың кіші бағдарламаларына қатысты және бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстардың жылдық және ай сайынғы көлемдерін өзгертпейтін міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларына өзгерістерді дербес енгізеді. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне қажетті бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстардың ай сайынғы көлемдерінің өзгерістері бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган арқылы жүзеге асырылады.».

8. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, 22-II, 112-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; № 22, 130, 132-құжаттар; № 24, 145, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 15, 120-құжат; № 16, 128-құжат; № 20, 151-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 11, 15-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 6, 43, 44-құжаттар):

1) 2 4 4 - 1 - б а п т а :

1-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы баптың ережелері халықаралық ұшуды, халықаралық әуемен тасымалдауды орындайтын шетелдік авиакомпаниялардың әуе кемелеріне май құю кезінде жанар-жағармай материалдарын өткізетін әуежайларға қатысты қолданылады.»;

3 - т а р м а қ т а :

1) тармақшаның бесінші абзацы алып тасталсын;

2) тармақшадағы «қойылатын талап» деген сөздер «арналған шығыс ордері немесе қойылатын талап» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес оларға қатысты кедендік ресімдеу және кедендік бақылау көзделмеген рейстерді қоспағанда, халықаралық ұшуды, халықаралық әуемен

тасымалдауды орындайтын шетелдік әуе кемелеріне май құйылған жағдайда – халықаралық ұшуды, халықаралық әуемен тасымалдауды орындайтын шетелдік авиакомпаниялардың әуе кемелеріне жанар-жағармай материалдары құйылғанын растайтын, кеден органының белгісі бар көліктік (тасымалдау), коммерциялық және (немесе) өзге де құжаттардың көшірмелері;»;

5) тармақша алып тасталсын;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6) қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығы сомаларының дұрыстығын растау бойынша тақырыптық тексеру жүргізуге қатысатын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамының шетелдік авиакомпания әуе кемесінің рейсті жүзеге асыру фактісін және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның келісімімен уәкілетті орган бекіткен нысанда және тәртіппен өткізілген жанар-жағармай материалдарының (авиакомпаниялар бойынша) мөлшерін растайтын қ о р ы т ы н д ы с ы .

Бұл ретте, Кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес оларға қатысты кедендік ресімдеу және кедендік бақылау көзделмеген рейстер жүзеге асырылған жағдайларда азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамы осы тармақшада көзделген қорытындыны ұсынады.»;

2) 344-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«344-бап. Төлеу мерзімдері

Салық төлеуші салықтың есептелген сомасын орналасқан жері бойынша бюджетке салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 25-інен кешіктірмей төлеуге міндетті.»;

3) 345-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«345-бап. Салық декларациясы

Жер қойнауын пайдаланушы пайдалы қазбаларды өндіруге салық жөніндегі декларацияны орналасқан жері бойынша салық органына салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 15-інен кешіктірмей береді.»;

4) 406-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын есепке алатын аймаққа бөлу коэффициентін (К айм.) жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган аймаққа бөлу коэффициентін есептеу әдістемесіне сәйкес жергілікті атқарушы органмен келісім бойынша белгілейді.

Аймаққа бөлу коэффициентін есептеу әдістемесін жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.»;

5) 534-баптың 1-тармағының 14) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«14) жүргізуші куәліктерін, тракторшы-машинист куәліктерін, механикалық көлік

құралдарын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді, мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін, халықаралық техникалық байқау сертификатын және оның телнұсқасын бергені үшін;»;

6) 540-баптың 9) тармақшасының жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«халықаралық техникалық байқау сертификатын және оның телнұсқасын бергені үшін – 50 пайыз;»;

7) 547-баптың 2-тармағының 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«7) жүргізуші куәліктерін, тракторшы-машинист куәліктерін, механикалық көлік құралдары мен тіркемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді, халықаралық техникалық байқау сертификатын және оның телнұсқасын, мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін бергені үшін - тиісті құжаттарды және мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін бергенге дейін;».

9. 2009 жылғы 18 қыркүйектегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 2009 ж., № 20-21, 89-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 32-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 149, 152-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 17, 136-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 95-1) тармақшамен толықтырылсын:
«95-1) спорттық медицина – спортшыларды даярлауды медициналық-биологиялық қамтамасыз етуге жауап беретін және спорттағы дәрігерлік және функционалдық бақылауды, спортшыларды функционалдық және медициналық оңалтуды, спорттық жұмыс қабілетін арттыруды, спортшылардың соматикалық ауруларының терапиясын, спорттық травматологияны, спорттағы жедел жәрдемді және спорт гигиенасын қамтитын медицина мен денсаулық сақтау саласы;»;

2) 32-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:
«14-1) спорттық медицина ұйымдары;».

10. «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., № 52, 636-құжат; 1995 ж., № 19, 117-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 10, 101-құжат; 2004 ж., № 19, 115-құжат; № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 10, 69-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; 2011 ж., № 16, 128-құжат):

1) 14-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«14-бап Азаматтығы жоқ адамдардың баласының Қазақстан Республикасы азаматтығын алуы

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын жері бар, азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағында туған баласы Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады.»;

2) 17-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы баптың бірінші бөлігі 7) тармақшасының ережелері Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар қолданылатын, сондай-ақ осы Заңның 16-бабы бірінші бөлігі 1) тармақшасының екінші бөлігі мен 16-1-бабында аталған және ішкі істер органдарына шетелдік азаматтықтан бас тарту туралы нотариат куәландырған жазбаша өтінішпен өздері азаматы болып табылатын мемлекеттің азаматтық мәселелері жөнінде шешім қабылдайтын лауазымды адамына өтініш білдірген адамдарға қолданылмайды. Өтініш білдірген адамдар Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылданған жағдайда мұндай өтініш білдіру фактісі туралы ақпарат, олардың шетелдік паспорттары шет мемлекетке жіберіледі.»;

3) 18-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«18-бап. Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру

Бұрын Қазақстан Республикасының азаматы болған адамның өтініші бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес оның Қазақстан Республикасының азаматтығы қалпына келтірілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру тәртібі мен мерзімін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.».

11. «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» 1992 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 13-14, 348-құжат; 1994 ж., № 8, 140-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 7, 79-құжат; № 12, 184-құжат; № 21, 274-құжат; 1998 ж., № 24, 432-құжат; 1999 ж., № 8, 247-құжат; № 23, 924-құжат; 2004 ж., № 24, 150-құжат; 2007 ж., № 20, 152-құжат; 2011 ж., № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат):

1) 3-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Экологиялық апат аймағына Қызылорда облысының Арал және Қазалы аудандарының, Ақтөбе облысының Шалқар ауданының аумақтары кіреді.»;

2) 4-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Экологиялық дағдарыс аймағына Қызылорда облысы аудандарының (3-бапта көрсетілгендерінен басқа) аумақтары, Қызылорда қаласы және әкімшілік-аумақтық бағынысына кіретін елді мекендерді қоса алғанда, Байқоңыр қаласы кіреді.»;

3) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«9-бап. Экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу тәртібі туралы

Экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен тұратын жері және экологиялық қасірет аймағындағы бұрынғы тұрған жері бойынша жүзеге асырылады.»;

4) мынадай мазмұндағы 10-1-баппен толықтырылсын:

«10-1-бап. Экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен экологиялық қасірет аймақтарының шекараларын өзгерту

Экологиялық апат, экологиялық дағдарыс және экологиялық дағдарыс алды жағдайындағы аймақ шегіндегі экологиялық қасірет аймақтарының шекаралары, сондай-ақ экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтардың мәртебесі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен осы Заңға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу арқылы өзгертіледі.»;

5) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«11-бап. Тамақ өнімдерімен, сапалы ауыз сумен қамтамасыз етудегі басымдықтар

Қазақстан Республикасының Үкіметі және жергілікті атқарушы органдар экологиялық қасірет аймағының халқын экологиялық таза тамақ өнімдерімен және сапалы ауыз сумен басымдықты түрде қамтамасыз етеді.»;

6) 12-баптың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Үкіметі экологиялық қасірет аймағы халқына.»;

7) 17-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Экологиялық қасірет салдарынан I және II топтағы мүгедектердің Қазақстан Республикасының облыс орталықтарын, республикалық маңызы бар қалаларын және астанасын қоспағанда, жаңа тұратын жері бойынша бірінші кезекте тұрғын үй алуға құқығы бар.»;

8) 23-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«23-бап. Осы Заңның іске асырылуын бақылау

Осы Заңның атқарылуын бақылауды Қазақстан Республикасының Үкіметі және жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.».

12. «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 23, 560-құжат; 1994 ж., № 8, 140-құжат; № 20, 252-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 12, 184-құжат; 1998 ж., № 24, 432-құжат; 1999 ж., № 8, 247-құжат; № 23, 923-құжат; 2007 ж., № 10, 69-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат):

1) 4-баптың үшінші және төртінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«Аумақтағы шаруашылық қызмет түрлерін және оны ұйымдастыру тәртібін, табиғат пайдалану көлемін және экологиялық оңалтуды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Экологиялық апат аймақтарының шекаралары және оларға кіретін аудандардың тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен осы Заңға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу арқылы өзгертіледі.»;

2) 5-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Төтенше радиациялық қауіпті аймаққа Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданы, Сарыжал ауылдық (селолық) округінің, Бесқарағай ауданы, Долон ауылдық (селолық) округінің, таратылған Жаңасемей ауданының Сарыапан және Иса елді мекендерінің аумақтары жатады.»;

3) 6-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Ең жоғары радиациялық қауіпті аймаққа Шығыс Қазақстан облысының Абай, Бесқарағай және таратылған Жаңасемей аудандарының, Семей қаласы Ақбұлақ, Абыралы, Алғабас, Айнабұлақ, Қараөлең және Таңат ауылдық (селолық) округтерінің, Павлодар облысы Май ауданы Ақжар және Малдар ауылдық (селолық) округтерінің елді мекендері жатады.»;

4) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«7-бап. Жоғары радиациялық қауіпті аймақ

Жоғары радиациялық қауіпті аймақ - бүкіл сынақ кезеңінде 7-ден 35 бэрге дейін халыққа әсер ету мөлшеріндегі радиациялық ластануға ұшыраған аумақ бөлігі.

Бұл аймаққа Шығыс Қазақстан облысының Бородулиха, Жарма, Аягөз, Глубокое, Шемонайха, Ұлан аудандарының елді мекендері, Семей, Курчатов, Өскемен және Риддер қалалары; таратылған Қазыбек би ауданының аумағы шегінде Қарағанды облысының Қарқаралы ауданы, Павлодар облысының Май ауданы жатады.»;

5) 8-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Ең төмен радиациялық қауіпті аймаққа Шығыс Қазақстан облысының Үржар, таратылған Таскескен, Көкпекті, Ақсуат, Зырян, Зайсан және Тарбағатай аудандарының; Қарағанды облысының таратылған Қазыбек би ауданының аумағын қоспағанда, Қарқаралы ауданының; Павлодар облысының Лебяжі ауданының елді мекендері жатады.»;

6) 11-баптың екінші бөлігіндегі «Министрлер Кабинеті» деген сөздер «Үкіметі» деген сөзбен ауыстырылсын;

7) 17-баптың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Республикалық бюджетте республикалық орташа деңгеймен салыстырғанда бір тұрғынға 1,5 еседен келетіндей есеппен медициналық мекемелерді күтіп-ұстауға арналған қаражатты ұлғайтуды қамтамасыз ететін қаржыландыру жыл сайын көзделеді. Қазақстан Республикасының Үкіметі ядролық сынақтар әсеріне ұшыраған аумақтардағы денсаулық сақтау мекемелері үшін медициналық техника мен дәрілік заттардың нысаналы бөлінуін жыл сайын қамтамасыз етеді.»;

8) 18-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«18-бап. Аурулардың Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақтарға байланыстылық себептерін анықтау тәртібі

Ядролық сынақтарға байланыстылық себептері бар деп танылуы мүмкін аурулар тізбесін және осы байланыстылықты анықтау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.».

13. «Алкоголизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық дертіне шалдыққан ауруларды еріксіз емдеу туралы» 1995 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 3-4, 32-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2010 ж., № 24, 152 - құжат) :

8-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Алкоголизмнен, нашақорлық пен уытқұмарлықтан мәжбүрлеп емдеуге алынған адамдар мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық ұйымдардан шығарылған соң, соттың қаулысы бойынша мерзімінен бұрын емделіп шыққандардан басқасы, тұратын жері бойынша наркологиялық ұйымдарда есепке тұруға және оларда Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі белгілейтін тәртіппен сүйемелдеп емдеуден өтуге тиіс.».

14. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 184-құжат; № 15, 281-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 5, 58-құжат; № 13-14, 205-құжат; № 22, 333-құжат; 1998 ж., № 11-12, 176-құжат; № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 9, 86-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 5, 31-құжат; № 10, 51-құжат; № 11, 56, 67-құжаттар; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 15, 86-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 7-8, 24-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28, 33-құжаттар; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18, 21-құжаттар; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат):

1) 20-баптың 9-тармағының бірінші бөлігінде:

бірінші абзац және 4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Уәкілетті орган банктің басшы қызметкерін лауазымға тағайындауға (сайлауға) берілген келісімді»;

«4) алынбаған немесе жойылмаған соттылығының болу негіздері бойынша қайтарып алады.»;

2) 49-баптың 1-тармағында:

бірінші абзац және в) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Уәкілетті орган банк ашуға берілген рұқсатты:»;

«в) банк ретінде тіркелген заңды тұлғаның қызметінде осы баптың 2-тармағында көзделген бұзушылықтар анықталған жағдайларда қайтарып алады.».

15. «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 23, 154-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 7, 79-құжат; № 12, 184-құжат; 1998 ж., № 17-18, 225-құжат; № 23, 416-құжат; № 24, 436-құжат; 1999 ж., № 8, 233, 247-құжаттар; № 23, 920-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 13-14, 174-құжат; № 17-18, 245-құжат; № 20, 257-құжат; № 23, 309-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 12, 82-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 154, 155-құжаттар; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; 2008 ж., № 15-16, 61-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 25-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат):

22-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ішкі істер органдарына жүктелген негізгі міндеттер мен функцияларды тікелей орындайтын лауазымды адамдарға арнаулы атақтарды беруге құқық беретін ішкі істер органдары лауазымдарының тізбесін, сондай-ақ оларға сәйкес шекті арнаулы атақтарды Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.».

16. «Прокуратура туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 24, 156-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 12, 184-құжат; 1998 ж., № 15, 208-құжат; 1999 ж., № 8, 247-құжат; № 21, 774-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 6, 142-құжат; 2001 ж., № 20, 257-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 15-16, 63-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 121-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 24, 151-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 16, 128-құжат; № 19, 145-құжат):

48-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Прокуратура органдарының негізгі міндеттері мен функцияларын атқаратын прокуратура органдарының лауазымды адамдарына сыныптық шендер немесе әскери атақтар беріледі.

Прокуратура органдарының, ведомстволары мен мекемелерінің сыныптық шендер немесе әскери атақтар берілетін лауазымды адамдарының тізбесін, сондай-ақ оларға сәйкес шекті сыныптық шендерді немесе әскери атақтарды Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.».

17. «Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы» 1996 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 14, 273-құжат; 2001 ж., № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 10, 54-құжат; № 12, 82-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2008 ж., № 13-14, 54-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 2, 25-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат):

1) 1 - б а п т а :

16) және 19) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«16) міндетті техникалық байқау – механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерінің техникалық жай-күйінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігін диагностикалаудың мерзімді процесі;»;

«19) техникалық байқаудың стационарлық желісі – міндетті техникалық байқаудан өткізу үшін көлік құралдарын техникалық диагностикалау құралдарымен жарактандырылған, ғимаратта немесе құрылыста орналасқан кешен;»;

мынадай мазмұндағы 20-1) тармақшамен толықтырылсын:

«20-1) техникалық байқау операторы – міндетті техникалық байқаудан өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және техникалық байқау операторларының тізіліміне енгізілген дара кәсіпкер немесе заңды тұлға;»;

21) және 22) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«21) техникалық байқау орталығы – механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерінің техникалық жай-күйін диагностикалау жұмыстарын орындауға арналған , осы мақсаттар үшін стационарлық және (немесе) ұтқыр техникалық байқау желісі бар к е ш е н ;

22) техникалық байқау операторларының тізілімі – техникалық байқау операторларының бірыңғай тізбесі, оны жүргізуді көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады;»;

2) 7-1-баптың 3), 5 және 7) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«3) техникалық байқау операторларының механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудан өткізу тәртібін сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;»;

«5) техникалық байқау операторларының тізілімін жүргізу;»;

«7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бюджет кірісіне түсетін, бланк өнімін өткізу қызметін көрсету төлемінің төленгенін растайтын құжаттар ұсынылғаннан кейін жүзеге асырылатын, механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерінің міндетті техникалық байқаудан өткені туралы куәліктердің бланкілерін техникалық байқау операторларына беру;»;

3) 1 8 - 1 - б а п т а :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«18-1-бап. Техникалық байқау операторларының тізілімі»;

1 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган техникалық байқау операторларының тізілімін жүргізеді, оның мерзімді баспасөз басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде жариялануын жүзеге асырады және оны өзінің интернет-ресурсында орналастырады.»;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Техникалық байқау операторы механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудан өткізу жөніндегі қызметті көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган техникалық байқау операторларының тізіліміне енгізген күннен бастап жүзеге асырады.»;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Техникалық байқау операторларының тізіліміне енгізу мақсатында көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органға мынадай құжаттар:»;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу жүргізілгені туралы мөртабан қойылған, техникалық байқау операторының жылжымайтын мүлікке меншік немесе оны иелену және пайдалану құқығын растайтын құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелері;»;

5) тармақша алып тасталсын;

3 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктегі «он бес» деген сөздер «бес» деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші бөлік алып тасталсын;

4 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Техникалық байқау операторларының тізіліміне енгізуден бас тарту үшін:»;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) осы баптың 5-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша өтініш берілген күнге дейін алты айдың ішінде техникалық байқау операторларының тізілімінен шығару негіз болып табылады.»;

5 - т а р м а қ т а :

б і р і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Техникалық байқау операторларының тізілімінен шығару үшін:»;

1) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның техникалық байқау операторларының тізілімінен өз еркімен шығару туралы өтініші;»;

«3) техникалық байқау операторларының тізіліміне енгізу кезінде көрінеу бұрыс а қ п а р а т ұ с ы н у ; » ;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Техникалық байқау операторларының тізілімінен шығару туралы хабарлама көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган тиісті шешім қабылдағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде дара кәсіпкерге немесе заңды тұлғаға жіберіледі.»;

4) 1 9 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Көлік құралының тіркелген жеріне және көлік құралы иесінің тұратын жеріне қарамастан, көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган техникалық байқау операторларының тізіліміне енгізген техникалық байқау операторлары міндетті техникалық байқауды жүргізеді.

Техникалық байқау операторлары жария шарт негізінде қызметтер көрсетеді.»;

3-тармақтың екінші бөлігіндегі «орталығының» деген сөз «операторының» деген с ө з б е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

4-тармақтың бірінші бөлігінде:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Техникалық байқау операторы:»;

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) астанада, республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда техникалық байқау орталығы ашылған кезде техникалық байқаудың стационарлық және ұтқыр желілерін пайдалана отырып, міндетті техникалық байқаудан өткізуді жүзеге асырады;»

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) аудандардың әкімшілік орталықтарында, ауылдық (селолық) округтерде және аудандық маңызы бар қалаларда техникалық байқау орталығы ашылған кезде техникалық байқаудың стационарлық және (немесе) ұтқыр желілерін пайдалана отырып, міндетті техникалық байқаудан өткізуді жүзеге асырады.»;

б - т а р м а қ т а :

б і р і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Міндетті техникалық байқаудан өткізу үшін механикалық көлік құралы мен оның тіркемелерінің иесі техникалық байқау операторына мынадай құжаттарды ұ с ы н а д ы : » ;

3) тармақша алып тасталсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Техникалық байқау операторы ұсынылған құжаттарды механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудың бірыңғай ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.»;

5) 19 - 1 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген тәртіппен ағымдағы күнтізбелік жылға көлік құралдары салығын төлегенін растайтын немесе оны төлеуден босату құқығын растайтын құжаттарды;»;

мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) мемлекеттік немесе міндетті техникалық байқаудан өткені туралы куәліктің көшірмесін қоса бере отырып, жүгінеді.»;

мынадай мазмұндағы 5, 6, 7 және 8-тармақтармен толықтырылсын:

«5. Халықаралық техникалық байқау сертификаты жоғалған немесе бүлінген кезде көлік құралы иесінің халықаралық техникалық байқау сертификатының телнұсқасын а л у ғ а қ ұ қ ы ғ ы б а р .

Халықаралық техникалық байқау сертификатының телнұсқасын алу үшін көлік құралының иесі көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органға өтінішпен және халықаралық техникалық байқау сертификатының телнұсқасын беру үшін мемлекеттік бажды төлегені туралы түбіртек ұсына отырып, жүгінеді.

Халықаралық техникалық байқау сертификатының жоғалған немесе бүлінген бланкісі көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органға жоғалғаны немесе бүлінгені туралы өтініш берілген күннен бастап жарамсыз деп танылады.

6. Көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган өтініш берілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жаңа нөмір бере отырып және үстіңгі оң бұрышында «Телнұсқа» деген жазбасы бар халықаралық техникалық байқау сертификатының т е л н ұ с қ а с ы н б е р е д і .

7. Көлік құралының иесі халықаралық техникалық байқау сертификаты телнұсқасының берілгені үшін мемлекеттік бажды төлегені туралы түбіртек ұсынбай өтініш берген жағдайда, көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган осы баптың 6-тармағында көрсетілген мерзімде халықаралық техникалық байқау сертификатының телнұсқасын беруден жазбаша нысанда бас тартады.

8. Халықаралық техникалық байқау сертификаты міндетті немесе мемлекеттік техникалық байқаудан өткені туралы куәлікте көрсетілген мерзімге сәйкес келетін мерзімге беріледі.»;

6) 19-2-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Техникалық байқау операторларының механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудан өткізу тәртібін сақтауына мемлекеттік бақылау тексеру нысанында жүзеге асырылады.»;

7) 19 - 3 - б а п т а :

тақырып және 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«19-3-бап. Техникалық байқау операторларының құқықтары мен

1. Техникалық байқау операторларының механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелері белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, міндетті техникалық байқаудан өткені туралы куәлік беруден бас тартуға құқығы бар.»;

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Техникалық байқау операторлары:»;

3-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Техникалық байқау операторларына:».

18. «Өрт қауіпсіздігі туралы» 1996 жылғы 22 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 18, 368-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; 1999 ж., № 20, 728-құжат; № 23, 931-құжат; 2000 ж., № 6, 142-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 14, 112-құжат; № 24, 177-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 13, 67-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат):

11-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің арнаулы атақтар берілетін лауазымды адамдарының тізбесін, сондай-ақ орталық органдағы, оның ведомствосындағы, аумақтық бөлімшелердегі және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердегі соларға сәйкес шекті атақтарды Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.».

19. «Банкроттық туралы» 1997 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 1-2, 7-құжат; № 13-14, 205-құжат; 1998 ж., № 14, 198-құжат; № 17-18, 225-құжат; 2000 ж., № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 17-18, 240-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 4, 26-құжат; № 11, 67-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 14, 57-құжат; 2006 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 13, 86-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 14, 18-құжаттар; № 9, 67-құжат; 2008 ж., № 13-14, 58-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 9-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 2, 14, 15-құжаттар; № 6, 43-құжат):

1) 19-баптың 2-тармағының 5) және 6) тармақшалары мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«5) егер борышкер табиғи монополия субъектісі болып табылған жағдайда, табиғи монополия салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның ол борышкердің өзін банкрот деп тану туралы сотқа жүгінуі жөніндегі жазбаша хабарламасын алған кезден бастап он жұмыс күні ішінде б е р е т і н

б) егер борышкер тиісті тауар нарығында үстем (монополиялық) жағдайға ие нарық субъектісі болып табылған жағдайда, монополияға қарсы органның ол борышкердің өзін банкрот деп тану туралы сотқа жүгінуі жөніндегі жазбаша хабарламасын алған кезден бастап он жұмыс күні ішінде беретін қорытындысы;»;

2) 28-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Сот Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында және борышкердің тұрған жері бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте таратылатын, белгіленген тәртіппен нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау құқығын алған мерзімді баспасөз басылымдарында банкроттық немесе оңалту туралы іс бойынша іс қозғалғандығы туралы хабарландыруды қазақ және орыс тілдерінде жеті жұмыс күні ішінде жариялауға міндетті.»;

3) 3 6 - б а п т а :

2-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2-1. Уәкілетті орган конкурстық басқарушыны соттың борышкерді банкрот деп тану туралы шешімі күшіне енген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде тағайындайды.»;

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Конкурстық басқарушы борышкерді банкрот деп тану және конкурстық іс жүргізуді қозғау туралы хабарландыруды Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында және борышкердің тұрған жері бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте таратылатын, белгіленген тәртіппен нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау құқығын алған мерзімді баспасөз басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде өзі тағайындалған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жариялайды.»;

4) 41-1-баптың 1-тармағының төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Соттың сырттай байқауды енгізу туралы ұйғарымында уәкілетті органға бес жұмыс күні ішінде сырттай байқау әкімшісін тағайындау тапсырылатыны туралы көрсетіледі.»;

5) 41-7-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) сырттай байқауды енгізу туралы ұйғарым заңды күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында және борышкердің тұрған жері бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте таратылатын, белгіленген тәртіппен нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау құқығын алған мерзімді баспасөз басылымдарында сырттай байқауды енгізу туралы жарияланымды қазақ және орыс тілдерінде орналастыруға;»;

б) 41-8-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Сот сырттай байқау рәсімін кредиторлар комитетінің өтініші бойынша тоқтатуы мүмкін.»;

7) 65-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мүлкінің көлемі үлкен борышкерді тарату, дебиторлық берешекті өндіріп алудың нақты мүмкіндігінің, сот талқылауларының болуы, конкурстық басқарушының осы Заңның 5 және 6-баптарының талаптарын орындауы кезінде немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі конкурстық массаны өткізудің айрықша шарттары мен тәртібін белгілеген жағдайларда, табиғи монополия субъектілері немесе тауар нарығында үстем (монополиялық) жағдайға ие нарық субъектілері болып табылатын не Республика экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар, азаматтардың өміріне, денсаулығына, ұлттық қауіпсіздікке немесе қоршаған ортаға әсер ете алатын, сондай-ақ мемлекеттің бастамасымен банкрот деп танылған ұйымдардың банкроттығы кезінде конкурстық басқарушының өтініші бойынша уәкілетті орган конкурстық іс жүргізу мерзімін кредиторлар комитетінің келісімі бойынша көрсетілген мән-жайларды ескере отырып, осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзімнен тыс он екі айға дейінгі мерзімге ұзартады.»;

8) 69-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Конкурстық іс жүргізуді жүзеге асыру үшін уәкілетті орган соттың борышкерді банкрот деп тану туралы шешімі күшіне енген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде конкурстық басқарушыны тағайындайды.»;

9) 70-баптың 1), 1-2) және 1-3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) ол тағайындалған күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде осы Заңның талаптарына сәйкес кредиторлар комитетінің құрамын қалыптастырады, оны уәкілетті органның бекітуіне ұсынады;»;

«1-2) уәкілетті органның оны тағайындаған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында және борышкердің тұрған жері бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте таратылатын, белгіленген тәртіппен нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау құқығын алған мерзімді баспасөз басылымдарында борышкерді банкрот деп тану туралы және кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы жарияланымды қазақ және орыс тілдерінде орналастырады;

1-3) уәкілетті орган оны тағайындаған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның аумақтық органына соттың заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешімінің көшірмесін ұсынады;»;

1 0) 9 4 - б а п т а :

2 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Сот іс қозғалған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жоқ борышкерді банкрот деп тану және конкурстық іс жүргізуді қозғау туралы шешім шығарады.»;

«4. Конкурстық басқарушы соттың борышкерді банкрот деп тану және оны тарату туралы шешімі күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында және борышкердің тұрған жері бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте таратылатын, белгіленген тәртіппен нормативтік

құқықтық актілерді ресми жариялау құқығын алған мерзімді баспасөз басылымдарында борышкерді банкрот деп тану туралы және осы Заңның 71-бабында белгіленген қағидалар бойынша кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы жарияланымды қазақ және орыс тілдерінде орналастырады, сондай-ақ сот шешімінің көшірмесін мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның аумақтық ж і б е р е д і . » ;

5-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Мәлімдеуші жоқ борышкерді банкрот деп тану және оны тарату туралы хабарландыруды он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында және борышкердің тұрған жері бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте таратылатын, белгіленген тәртіппен нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау құқығын алған мерзімді баспасөз басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде жариялайды.».

20. «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы» 1997 жылғы 16 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 11, 154-құжат; 1999 ж., № 8, 239-құжат; № 23, 925-құжат; 2002 ж., № 6, 71-құжат; 2003 ж., № 1-2, 13-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 157-құжат; 2005 ж., № 23, 98-құжат; 2006 ж., № 12, 69-құжат; 2007 ж., № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат):

13-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Ата-анасының екеуінен де айырылған балаларға (тұлдыр жетімдерге) тағайындалған жәрдемақылар олардың заңды өкіліне төленеді.».

21. «Нотариат туралы» 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 13-14, 206-құжат; 1998 ж., № 22, 307-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 15-16, 236-құжат ; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 10, 48-құжат; № 12, 86-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 11, 55-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 21, 172-құжат):

1) 3-баптың 6-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Адвокаттық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті нотариаттық іс-әрекеттер туралы мәліметтер де оған заң көмегіне жүгінген сенім білдірушінің қорғаушысы немесе өкілі ретінде қатысатын адвокаттың жазбаша сұрау салуы бойынша беріледі.»;

2) 60-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«60-бап. Ашылған мұра туралы мұрагерлерге және бас тартылған мұраны алушыларға (легатарийлерге) хабарлау

1. Ашылған мұра туралы хабарлама алған нотариус тұратын жері немесе жұмыс орны өзіне мәлім мұрагерлерге бұл туралы хабарлауға міндетті.

Өсиеттік бас тарту (легат) қамтылған өсиет болған кезде нотариус тұратын жері немесе жұмыс орны өзіне мәлім бас тартылған мұраны алушыларға (легатарийлерге) өсиет бойынша мұраның ашылғандығы туралы хабарлауға міндетті.

2. Егер мұрагерлердің немесе бас тартылған мұраны алушылардың (легатарийлердің) тұратын жері немесе жұмыс орны белгісіз болса, нотариус бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мұраның ашылғандығы туралы хабарлауға міндетті.»;

3) 72-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Өсиеттік бас тарту болған кезде нотариус бас тартылған мұраны алушыларды шақырады және оларға өсиеттік бас тартудың мазмұнын және олардың мұрагерден (мұрагерлерден) өздеріне тиесілі мұраны алу құқығын түсіндіреді.».

22. «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 2-3, 25-құжат; 2001 ж., № 20, 258-құжат; 2002 ж., № 5, 50-құжат; 2004 ж., № 5, 29-құжат; № 13, 74-құжат; 2005 ж., № 17-18, 73-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 12, 86-құжат; № 13, 100-құжат; № 19, 147-құжат; 2008 ж., № 13-14, 55-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; № 22, 94-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат):

1) 1 - б а п т а :

3) және 10) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«3) заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер - заңнамалық және өзге де сатысы бойынша жоғары тұрған нормативтік құқықтық актілер негізінде және (немесе) орындау үшін және (немесе) одан әрі іске асыру үшін шығарылатын, заңнамалық болып табылмайтын өзге де нормативтік құқықтық актілер;»;

«10) құқық нормасы - реттелетін қоғамдық қатынастар шеңберінде көп мәрте қолдануға есептелген, жеке дара айқындалмаған тұлғалардың тобына қолданылатын, тұрақты немесе уақытша сипаттағы жалпыға міндетті жүріс-тұрыс қағидасы;»;

мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

«11-1) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімі – мемлекеттік органдардың осы Заңның 36-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген, Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу нөмірі және деректемелері қамтылған жазбаша түрдегі тізбе;»;

2) 3-баптың 3-тармағының 1-4) және 1-5) тармақшалары мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«1-4) мемлекеттік қызмет көрсету регламенті – мемлекеттік қызмет көрсету стандартының сақталуын қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды белгілейтін және орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың, олардың ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының, лауазымды адамдардың, сондай-ақ жеке және заңды

актілердің тақырыбы, қабылданған жылы, күні, айы, тіркеу нөмірі, сондай-ақ егер олар «Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы» және «Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілері жинағы» жинақтарында жарияланған жағдайда, жақшада аталған жинақтардағы олардың алғашқы жарияланған жылы, нөмірі және құжаты көрсетіледі.

Мемлекеттік тіркеуден өткен нормативтік құқықтық актіге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық актінің мәтінінде оның Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі қосымша көрсетіледі.»;

5) 21-1-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Заңнамалық актілердің күші жойылды деп тану туралы заңнамалық акт жобасының мәтінінде аталған заңнамалық актілердің тақырыбы, қабылданған жылы, күні, айы, сондай-ақ жақшада – олардың алғашқы жарияланған жылы, нөмірі және құжаты, ал оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, «Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы» жинағында тиісті заңнамалық актінің жарияланған жылы, нөмірі және құжаты не егер заңнамалық акт аталған жинақта жарияланбаса, осы Заңға сәйкес ресми жарияланымның өзге де дереккөзі көрсетіледі.

Нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп тану туралы нормативтік құқықтық акт жобасының мәтінінде аталған нормативтік құқықтық актілердің тақырыбы, қабылданған жылы, күні, айы, тіркеу нөмірі, сондай-ақ егер олар «Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы» және «Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілері жинағы» жинақтарында жарияланған жағдайда, жақшада аталған жинақтардағы олардың алғашқы жарияланған жылы, нөмірі және құжаты көрсетіледі.

Мемлекеттік тіркеуден өткен нормативтік құқықтық актінің күші жойылды деп тану туралы нормативтік құқықтық актінің мәтінінде оның Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі қосымша көрсетіледі.»;

6) 30-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау олар күшіне енгеннен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде жүзеге асырылуға тиіс.»;

7) 33-бап мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

«3. Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілері Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде ресми жариялануға жіберіледі.

4. Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілері уәкілетті мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында міндетті түрде жарияланады.»;

8) 34-бап мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

«3. Мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдері, әкімдіктердің нормативтік құқықтық қаулылары және әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдері Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде ресми жариялануға жіберіледі.

4. Мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдері, әкімдіктердің нормативтік құқықтық қаулылары және әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдері уәкілетті мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында міндетті түрде жарияланады.»;

9) 38-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларын қоспағанда, мемлекеттік органдардың осы Заңның 36-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген, азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілері Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуге жатады. Мұндай тіркелу олардың күшіне енуінің қажетті шарты болып табылады.

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу оларға мемлекеттік тіркеу нөмірін бере отырып, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне енгізу жолымен жүзеге асырылады.

Егер әділет органдарының шешіміне белгіленген тәртіппен шағым жасалмаса, тіркелмеген нормативтік құқықтық актілердің заңдық күші болмайды және оларды шығарған орган олардың күшін жоюға тиіс.

Нормативтік құқықтық актінің осы тармақта белгіленген критерийлерге сәйкестігін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі және оның аумақтық органдары айқындайды.».

23. «Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы» 1998 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 13, 196-құжат; 2003 ж., № 11, 67-құжат; 2004 ж., № 23, 140-құжат; 2006 ж., № 23, 141-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат):

1) 5-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) егер жеке тұлға, оның ішінде дара кәсіпкер немесе резидент емес заңды тұлға кепіл беруші болып табылған жағдайда, салық төлеуші ретінде тіркелген орны бойынша жүзеге асырылады.»;

2) 11-баптың 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларындағы «келмесе», «жасамаса» деген сөздер тиісінше «келмеген», «жасамаған» деген сөздермен ауыстырылып, 4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) егер жылжымалы мүлік кепілін және кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркегені үшін алынатын алымның бюджетке төленгенін растайтын құжат болмаған жағдайларда, кепілді тіркеуден бас тартады.»;

3) 13-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Кепіл берушінің немесе кепіл ұстаушының өтініші бойынша тіркеуші орган екі жұмыс күні ішінде жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы жоғалған куәліктің орнына оның телнұсқасын береді.».

24. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 1998 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 15, 209-құжат; 1999 ж., № 21, 774-құжат; 2000 ж., № 5, 116-құжат; 2001 ж., № 13-14, 172-құжат; № 17-18, 241-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 10, 56-құжат; 2007 ж., № 17, 140-құжат; № 19, 147-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат; № 24, 122, 126-құжаттар; 2010 ж., № 24, 148-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 7, 54-құжат; 2012 ж., № 4, 30, 32-құжаттар) :

7-баптың 2-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-1. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте өзге де жолмен жәрдемдескен адам Қазақстан Республикасының Үкіметі көздеген тәртіппен көтермеленеді.».

25. «Аудиторлық қызмет туралы» 1998 жылғы 20 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 22, 309-құжат; 2000 ж., № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 5-құжат; № 8, 52-құжат; 2002 ж., № 23-24, 193-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 12, 86-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 23, 138-құжат; 2005 ж., № 14, 58-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28-құжат; 2009 ж., № 2-3, 21-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжаттар) :

18-1-баптың 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қаржы ұйымының аудиторлық есебін қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға ұсынудың белгіленген мерзімдері бұзылған жағдайда қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган аудиторлық есепті белгіленген мерзімде ұсыну туралы жазбаша нұсқама жібереді.

4. Аудиторлық ұйым жазбаша нұсқаманы орындамаған жағдайда қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган лицензияның қолданылуын тоқтата тұру қажеттігі туралы өтінішпен уәкілетті органға жүгінеді.».

26. «Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы» 1999 жылғы 5 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 8, 238-құжат; № 23, 925-құжат; 2000 ж., № 23, 411-құжат; 2001 ж., № 2, 14-құжат; 2002 ж., № 6, 71-құжат; 2004 ж., № 24, 157-құжат; 2005 ж., № 23, 98-құжат; 2006 ж., № 12, 69-құжат; 2007 ж., № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 23, 111-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат):

1-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) арнаулы мемлекеттік жәрдемақы (бұдан әрі – жәрдемақы) - жәрдемақылардың өзге түрлеріне қарамастан берілетін, жәрдемақы алуға құқығы бар азаматтарға ақшалай төлем;».

27. «Дене шынықтыру және спорт туралы» 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 24, 1065-құжат; 2003 ж., № 15, 129-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 15-16, 77-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 111-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 25-құжат):

1) 1 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 10-1) және 22-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«10-1) дене шынықтыру және спорт жөніндегі әдіскер (бұдан әрі – әдіскер) - спорт ұйымдарында және дене шынықтыру-сауықтыру мен спорт қызметі жүзеге асырылатын ұйымдарда оқу-жаттығу процесін әдістемелік қамтамасыз етуді және оған басшылықты, дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шараларды өткізуді жүзеге асыратын жеке тұлға;»;

«22-1) нұсқаушы-спортшы – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбекақы төлеу шартымен спорт қызметін жүзеге асыратын спортшы;»;

36) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«36) спорттық сыныптама – спорттың жекелеген түрлерінде шеберлік деңгейін, сондай-ақ жаттықтырушылардың, спортшылардың, нұсқаушы-спортшылардың, әдіскерлердің және төрешілердің біліктілік деңгейін айқындайтын спорттық атақтар, разрядтар және санаттар жүйесі;»;

2) 1 8 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасының құрама командаларын спорт түрлері бойынша тиісті қоғамдық бірлестіктер дене шынықтыру-спорт ұйымдарының ұсыныстарын ескере отырып, конкурстық негізде қалыптастырады. Алдын ала белгіленген және жарияланған арнаулы нормативтерді спорт қағидаттарын сақтай отырып орындаған спортшылар Қазақстан Республикасы құрама командаларының негізгі және жастар (резервтік) құрамдарына енгізіледі. Қазақстан Республикасы құрама командаларының

белгіленген нормативтерді орындамайтын, өз міндеттерін үнемі бұзатын мүшелері Қазақстан Республикасы құрама командаларынан шығарылады. Қазақстан Республикасы құрама командаларының құрамдарын спорттың әр түрі бойынша қоғамдық бірлестіктердің ұсынуымен дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган жыл сайын бекітіп отырады.»;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Қазақстан Республикасының штаттық құрама командалары – спортшылардың, жаттықтырушылардың, ғалымдардың, спортшылары халықаралық жарыстарда өнер көрсету қорытындылары бойынша жоғары спорттық нәтижелерге қол жеткізген дене шынықтыру-спорт ұйымдары мен спорттық медицина ұйымдарының басқа да қызметкерлерінің ұжымдары, сондай-ақ осы спортшыларды даярлаған және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген қаржылық шарттармен спорт қызметін жүзеге асыратын жаттықтырушылар, ғалымдар және өзге де қызметкерлер.

Қазақстан Республикасының штаттық құрама командаларының тізімдерін дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган қалыптастырады және бекітеді.»;

3) 21-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Спорт резервін жасөспірім және жас спортшылар құрайды. Спорттың жекелеген түрлері бойынша жасөспірімдер мен жастардың жас шамасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.»;

4) 2 2 - 1 - б а п т а :

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Жаттықтырушыларға, нұсқаушы-спортшыларға, әдіскерлерге, төрешілерге санаттар дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган белгілеген біліктілік талаптарына сәйкес беріледі.»;

3-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Дене шынықтыру және спорт жөніндегі әдіскерлер мен нұсқаушы-спортшыларға мынадай біліктілік санаттары беріледі:»;

5) 23-баптың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«10) техникалық реттеу және метрология жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, дене шынықтыру және спорт саласында стандарттау аясындағы қызметті жүзеге асырады;»;

6) 24-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Спорттың әрбір түрі бойынша тек бір республикалық қоғамдық бірлестік қана аккредиттелуге жатады, ол Қазақстан Республикасының атынан дене шынықтыру және спорт саласындағы халықаралық бірлестіктерге қатысушы болуы мүмкін.»;

7) 27-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Спорт ғимараттары орналасатын аумақтарды құзыретті мемлекеттік органдар аталған ғимараттарды болашақта салуға арналған жерлерді ағымдағы игеру және келешекте резервте ұстау үшін нормативтік бөлу арқылы айқындайды.»;

8) 33-баптың 1-тармағының алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын: «өзінің қаржыландыру көздері есебінен өз алдында тұрған жарғылық міндеттерді орындауды іске асырады;».

28. «Әкімшілік рәсімдер туралы» 2000 жылғы 27 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 20, 379-құжат; 2004 ж., № 5, 29-құжат; 2007 ж., № 12, 86-құжат; № 19, 147-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 15, 118-құжат):

1) 1 - б а п т а :

2-2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын: «2-2. Мемлекеттік қызмет көрсету – орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың, олардың ведомстволық бағыныстағы ұйымдары мен өзге де жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдардың жекелеген функцияларын іске асыру нысандарының бірі болып табылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, жеке және заңды тұлғалардың (орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарды қоспағанда) қажеттерін қанағаттандыруға бағытталған, жеке-дара сипаттағы әрі жеке және (немесе) заңды тұлғалардың (орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарды қоспағанда) өтініші бойынша жүзеге асырылатын қызмет.»;

2-5 және 2-6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«2-5. Мемлекеттік қызметтер көрсету тізілімі – көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді алушылар, олардың көрсетілуін қамтамасыз ететін орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдар көрсетіле отырып, республикалық және жергілікті деңгейлерде көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің үнемі жаңартылып отыратын тізбесін және басқа да сипаттамаларды қамтитын нормативтік құқықтық акт.

2-6. Мемлекеттік қызмет көрсету регламенті – мемлекеттік қызмет көрсету стандартының сақталуын қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды белгілейтін және орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың, олардың ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының, лауазымды адамдардың, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі қызмет тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық акт.

Мемлекеттік қызмет көрсету регламенті мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың, олардың ведомстволық бағыныстағы ұйымдары мен өзге де жеке және заңды тұлғалардың іс-қимылының (өзара іс-қимылының) сипаттамасын да белгілейді.»;

2) 4-баптың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) бір мәрте не уақыт бойынша өзге де шектеулі қолдануға есептелген;

2) жеке-дара белгілі бір тұлғаларға қолданылады;

3) жеке-дара белгілі бір тұлғалардың заңнамада белгіленген құқықтары мен міндеттерін қолданады және (немесе) іске асырады.»;

3) 9 - 1 - б а п т а :

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қазақстан Республикасының Президентіне бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган әзірлейтін мемлекеттік қызмет көрсету стандартын Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімімен Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.»;

4-тармақтың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволық бағыныстағы ұйымдары мен өзге де жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі қызметін ұйымдастыру үшін орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік қызметтер көрсету регламенттерін әзірлейді және бекітеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне бірнеше орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы орган, олардың ведомстволық бағыныстағы ұйымдары мен өзге де жеке және заңды тұлғалар қатысқан кезде мемлекеттік қызмет көрсету регламентін орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар бірлесіп әзірлейді және бекітеді.»;

4) 15-1-баптың 1 және 6-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар, олардың ведомстволық бағыныстағы ұйымдары, өзге де жеке және заңды тұлғалар мемлекеттік қызметтер көрсету субъектілері болып табылады.»;

«6. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар өз құзыретіне кіретін электрондық мемлекеттік қызметтер көрсетуді Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мерзімдерде қамтамасыз етеді.».

29. «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 22, 406-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 12, 85-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; 2005 ж., № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 25-құжат; № 8, 45-құжат; № 13, 85-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28, 33-құжаттар; № 8, 52-құжат; № 18, 145-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 112-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат):

1) 28-баптың 1-тармағының бірінші абзацы «рұқсат беруден» деген сөздерден кейін «бас тартуға» деген сөздермен толықтырылып, 7) тармақшасы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«7) құрылтайшы жеке тұлғалардың, атқарушы органның не құрылтайшы заңды

тұлғаның басқару органының бірінші басшысының алынбаған немесе жойылмаған соттылығының болуы негіз болып табылады.»;

2) 29-баптың бірінші абзацындағы «мемлекеттік орган» деген сөздер «орган» деген сөзбен ауыстырылып, 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға берген рұқсаттың мерзімі өтіп кетіп, сол мерзім ішінде ол әділет органдарында тіркелмеген немесе сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін уәкілетті органға өтініш білдірмеген жағдайларда кері қайтарып алады.»;

3) 40-баптың 5-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) уәкілетті орган өткізген тестілеудің нәтижесі теріс болған жағдайлар лицензия беруден бас тартуға негіздер болып табылады.»;

4) 52-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қатысуымен бірлескен қызмет туралы шарт жасалған күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде уәкілетті мемлекеттік органда тіркелуге жатады.».

30. «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» 2001 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 1, 8-құжат; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; 2004 ж., № 5, 30-құжат; № 10, 56-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 9, 67-құжат; № 17, 141-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 2, 21-құжат; № 5, 43-құжат; № 17, 136-құжат; № 23, 179-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат):

18-баптың тақырыбы және 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«18-бап. Дара кәсіпкерлердің және (немесе) заңды тұлғалардың қауымдастық (одақ) нысанында бірігуі

1. Дара кәсіпкерлер және (немесе) заңды тұлғалар өздерінің кәсіпкерлік қызметін үйлестіру, сондай-ақ ортақ мүдделерін білдіру және қорғау мақсатында қауымдастықтар (одақтар) құра алады.».

31. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 3, 17-құжат; № 9, 86-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 103-құжат; 2004 ж., № 10, 56-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 142-құжат; № 24, 144-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 13, 86, 87-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 99-құжат; № 18, 113-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 14-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 17, 139-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114, 124-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 9-құжат; № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 3, 7-құжаттар; № 2, 28-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-

құжат; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 3, 21-құжат; № 5, 35-құжат):

6 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

8) тармақша алып тасталсын;

12-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«12-2) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдігі әзірлеген және ұсынған «Облыстың (қаланың, ауданның) құрметті азаматы» атағын беру қағидаларын бекіту;»;

мынадай мазмұндағы 2-2-тармақпен толықтырылсын:

«2-2. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мәслихаттарының құзыретіне қағидаларды бекіту жатады, олардың бұзылғаны үшін әкімшілік жауапкершілік белгіленген.».

32. «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 3, 18-құжат; 2004 ж., № 2, 10-құжат; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; № 17-18, 76-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 10, 52-құжат; 2007 ж., № 2, 14, 18-құжаттар; № 3, 20-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 15, 106-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 1, 4-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 8, 41-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 21-құжат; № 10, 86-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 128-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжаттар; № 5, 35-құжат):

1 5 - б а п т а :

3 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Уәкілетті орган осы баптың 2, 4 және 5-тармақтарында көрсетілген құжаттар ұсынылған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей, нысанын орталық атқарушы орган бекітетін дербес есепке алу карточкасына (компьютерлік дерекқор) мәліметтерді енгізу арқылы жұмыссыздар ретінде өтініш білдірген адамдарды тұратын жері бойынша тіркейді.».

33. «Тұтыну кооперативі туралы» 2001 жылғы 8 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 10, 138-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат):

11-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Тұтыну кооперативінің жарғысына азаматтың тегі, аты, әкесінің аты, тұрғылықты жері және жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, сондай-ақ егер тұтыну кооперативінің мүшесі заңды тұлға болып табылатын болса, ұйымның атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері көрсетілген тұтыну кооперативі мүшелерінің тізімі қоса беріледі.».

34. «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан

Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 17-18, 243-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 6, 10-құжат; № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 23, 144-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 21, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат)

3-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Егер азаматтар мен заңды тұлғалардың қала құрылысы және сәулет-құрылыс қызметі қолайсыздық туғызған немесе өздеріне тиесілі (өздері пайдаланатын) объектіні (жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті) пайдалануға, иеленуге не иелік етуге мүмкіндік бермеген жағдайда, ол шектелуге жатады.»

35. «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 17-18, 247-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 1, 4-құжат; № 23, 117-құжат; 2011 ж., № 10, 86-құжат; № 16, 128-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат):

5-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Учаскелік комиссиялар уәкілетті органнан немесе кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінен құжаттарды алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттар және (немесе) өтініш берушінің материалдық жағдайын тексеру нәтижелері негізінде қорытынды дайындайды және оны уәкілетті органға немесе кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкіміне береді.»

36. «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 2, 16-құжат; 2004 ж., № 20, 116-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 11, 36-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 18, 143-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 12, 111-құжат):

19-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) мемлекеттік тіркеу үшін ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген талаптарға сай келмеген жағдайларда бас тартылады.»

37. «Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы» 2002 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 13-14, 145-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 14, 62-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 3, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат) :

14-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«14-бап. Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің арнаулы атақтары

Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне арнаулы атақтар беріледі. Қаржы полициясы органдарының арнаулы атақтар берілетін лауазымды адамдарының тізбесін, сондай-ақ орталық органда, аумақтық бөлімшелерде және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерде соларға сәйкес шекті арнаулы атақтарды Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.»

38. «Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 15, 148-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 18, 84, 86-құжаттар, 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 15, 71-құжат, 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2

1 6 - қ ұ ж а т) :

10-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілді органына елді мекендерде жануарларды ұстау, иттер мен мысықтарды серуендету қағидаларын бекіту үшін жануарларды ұстаудың санитариялық аймақтарының шекараларын белгілеу жөніндегі ұсыныстар енгізу;»

39. «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 1-2, 1-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2009 ж., № 11-12, 53-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 12, 111-құжат; № 15, 118-құжат):

1) 15-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Куәландырушы орталық электрондық құжат айналымы жүйесіне қатысушымен келісе отырып, электрондық құжат айналымы үшін қажетті қосымша ақпаратты тіркеу куәлігіне енгізеді.»;

2) 17-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы алып тасталсын.

40. «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» 2003 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 9, 41-құжат; 2004 ж., № 23, 140, 142-құжаттар; 2006 ж., № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 9 -10, 50-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 14, 117-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат):

9-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Әлеуметтік төлемдерді тағайындау жөніндегі уәкілетті орган:

1) әлеуметтік төлемдерді тағайындау не тағайындаудан бас тарту туралы шешім қ а б ы л д а й д ы ;

2) еңбек қабілетінен айрылу дәрежесін белгілейді;

3) құжаттардың дұрыстығын тексереді;

4) әлеуметтік төлемдерді тағайындауға қажетті құжаттарды қабылдау және беру жөніндегі талаптарды белгілейді.»

41. «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы» 2003 жылғы 3 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 11, 63-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; 2006 ж., № 4, 25-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 8, 52-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 112-құжат):

1) 3-1-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Уәкілетті орган Қорға осы бапта айқындалған шектеулі ықпал ету шараларының кез келгенін, бұдан бұрын да оған қолданылған ықпал ету шараларына қарамастан қолданады.»;

2) 14-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Уәкілетті орган Қордан қатысушы-сақтандыру ұйымының міндетті және төтенше жарналарды төлеу жөніндегі міндеттемелерін тиісінше орындамағаны туралы хабарлама алған кезде мұндай сақтандыру ұйымына Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген санкцияларды және өзге де ықпал ету шараларын қолданады.»

42. «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 14, 102-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 25-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат ; № 1 5 , 7 1 - қ ұ ж а т) :

7-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган осы баптың 1-тармағын бұзғаны үшін тасымалдаушы лицензиясының қолданысын алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұрады.»

43. «Байланыс туралы» 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 14, 81-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 121-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146, 150-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 25-құжат):

1) 2-бап мынадай мазмұндағы 39-1) тармақшамен толықтырылсын:

«39-1) қысқа мәтінді және мультимедиалық хабарлама - ұялы байланыс операторының ұялы байланыс желісі арқылы ақпаратты қабылдау және беру бойынша көрсететін қызметі;»;

2) 7-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) байланыс саласындағы басым дамудың, мемлекеттік саясатты жетілдірудің негізгі бағыттарын әзірлеу және дамудың салалық бағдарламаларын бекіту;»;

3) 8-баптың 2-тармағының 2), 8) және 9-4) тармақшалары мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«2) байланыс саласындағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметіне және радиожилік спектрінің пайдаланылуына мемлекеттік бақылау жүргізуді қамтамасыз е т у ; » ;

«8) үкіметтік байланыс желілерін қоспағанда, байланыс ғимараттары, телекоммуникация желілері құрылысының жоспарларын келісуге және пайдалануға қ а б ы л д а н у ы н а қ а т ы с у ; » ;

«9-4) Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы заңнамасын бұза отырып, жұмыс істеп тұрған радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды анықтау және оларды пайдаланудың жолын кесу;»;

4) 9-баптың 2-тармағының 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес радиобақылауды жүзеге асыру;»;

5) 11-баптың 1-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Радиожилік спектрі байланыс саласындағы шектеулі ұлттық ресурс болып табылады.»;

6) 12-бап мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

«5-1. Жеке және заңды тұлғаларға өздеріне иелікке берілген жиілік белдеулеріне, радиожиліктерге (радиожилік арналарына) құқығын басқа жеке немесе заңды тұлғаларға уақытша немесе тұрақты пайдалануға беруге тыйым салынады.»;

7) 22-баптың 4-тармағы алып тасталсын;

8) 36-бап мынадай мазмұндағы 1-1 және 1-2-тармақтармен толықтырылсын:

«1-1. Телефон байланысы арқылы (ұялы байланысты қоса алғанда) зияткерлік қызметтер көрсетуге (лотерея, дауыс беру, телевикторина, викторина, анықтамалық-ақпараттық қызметтер, танысу қызметтері) қол жеткізуді ұсыну кезінде тарифтелетін жалғаным басталғанға дейін байланыс операторы осы жалғанымның құны туралы абонентті хабардар етуге міндетті.

Абонент телефон жалғанымына келісім берген жағдайда (яғни, абонент мұндай жалғанымды үзбесе), осы жалғанымның төлемі тарифтеудің толық бірліктерінің тарифке көбейтілген саны бойынша телефон жалғанымының ұзақтығы негізге алынып а й қ ы н д а л а д ы .

Егер абонент мұндай жалғанымға келіспесе (яғни тиісті хабардар етуді алғаннан кейін мұндай жалғанымды үзсе), онда жалғанымды орнатуды ұйымдастырғаны үшін т ө л е м а л ы н б а й д ы .

Егер байланыс операторы тарифтелген жалғаным басталғанға дейін осы

жалғанымының құны туралы абонентті хабардар етпеген жағдайда, онда зияткерлік қызметтер көрсетуге (лотерея, дауыс беру, телевикторина, викторина, анықтамалық-ақпараттық қызметтер, танысу қызметтері) қол жеткізу ұсынылғаны үшін төлем алынбайды.

1-2. Қысқа мәтінді хабарлама жіберу арқылы зияткерлік қызметтер көрсетуге (лотерея, дауыс беру, телевикторина, викторина, анықтамалық-ақпараттық қызметтер, танысу қызметтері) қол жеткізу ұсынылған кезде ұялы байланыс операторы қысқа мәтінді хабарлама арқылы осы қызметті көрсетудің құны туралы абонентті хабардар етуге міндетті. Абонент осы хабарламаның жіберілгенін растаған жағдайда, аталған қызметті көрсеткені үшін төлем алынады, бұл ретте растағаны үшін абоненттен төлем алынбайды.

Егер байланыс операторы зияткерлік қызметтер көрсетуге (лотерея, дауыс беру, телевикторина, викторина, анықтамалық-ақпараттық қызметтер, танысу қызметтері) қол жеткізуді ұсыну бойынша қысқа мәтінді хабарламаның құны туралы абонентті хабардар етпесе, онда бұл қызметті көрсеткені үшін төлем алынбайды.».

44. «Ақпараттандыру туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 2, 13-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 15, 118-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат):

1) 9 - 2 - б а п т а :

3) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«3) мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасына әкімшілік етуді және сервистік қолдауды, аппараттық-бағдарламалық құралдарға жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді және мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған техникалық іс-шараларды жүзеге асырады;

4) ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару органдарын, мемлекеттік органдарды және олардың аумақтық бөлімшелерін мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасына және әлемдік ақпараттық ресурстарға қосуды жүзеге асырады;»;

мынадай мазмұндағы 5) және 6) тармақшалармен толықтырылсын:

«5) ведомствоаралық ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасына қосылған жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, мемлекеттік органдарға және олардың аумақтық бөлімшелеріне байланыс қызметтерін көрсетеді;

6) мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасының байланыс арналарының қорғалуын ұйымдастыруды жүзеге асырады.»;

2) 32-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасына өздерінің ведомстволық

желілерін қосуға міндетті жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.».

45. «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 135-құжат; 2008 ж., № 13-14, 58-құжат; № 20, 87-құжат; № 21, 97-құжат; № 24, 128-құжат; 2009 ж., № 2-3, 21-құжат; № 9-10, 47, 49-құжаттар; № 15-16, 74-құжат; № 17, 78, 82-құжаттар; № 24, 129, 133-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 17-18, 108-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 2, 26-құжат; № 4, 37-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 20, 151-құжат; № 21, 161, 171-құжаттар; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 3, 22-құжат; № 6, 43-құжат) :

5-баптың 5-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Тапсырыс берушілер мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді.».

46. «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 18, 142-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; № 24, 126-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; № 8, 41-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат):

1) 1 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 16-1) тармақшамен толықтырылсын:

«16-1) құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесі – куәландырушының электрондық цифрлық қолтаңбасы бар электрондық-цифрлық нысанда қағаз жүзіндегі түпнұсқа құжаттағы ақпаратты толық көрсететін электрондық құжат;»;

30) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«30) үстемдікке ие жылжымайтын мүлік объектісі – меншік иесінің (өзге құқық иесінің) бөтен жылжымайтын мүлікті шектеулі нысаналы пайдалану құқығы (сервитуты) бар жылжымайтын мүлік объектісі;»;

мынадай мазмұндағы 31) тармақшамен толықтырылсын:

«31) электрондық тіркеу – мәміле нотариат куәландырғаннан кейін бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйеден құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне автоматты түрде түсетін құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесі негізінде жүзеге асырылатын, жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу.»;

2) 7-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Егер құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне құқық белгілейтін құжаттың

электрондық көшірмесі келіп түссе, онда тіркеуші органның жүргізілген тіркеу туралы хабарлама жіберуі арқылы оның туындауын растау кезі жылжымайтын мүлікке құқықты мемлекеттік тіркеу кезі болып табылады.»;

3) 9 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы баптың 4 және 5-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, тұлға құқық (құқық ауыртпалығы) туындауы үшін негіз болып табылатын заңдық факт басталған, оның ішінде шартты нотариат куәландырған, сот шешімі күшіне енген, өзге де құқық белгілейтін құжаттар берілген кезден бастап алты айдан кешіктірмей мемлекеттік тіркеу туралы өтінішпен жүгінуге міндетті.»;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Құқықты (құқық ауыртпалығын) мемлекеттік тіркеуді болғызбайтын ауыртпалықтар болған кезде тұлға ауыртпалықты тоқтату үшін негіз болып табылатын заңдық факт басталған кезден бастап алты айдан кешіктірмей мемлекеттік тіркеу туралы өтінішпен жүгінуге міндетті.»;

4) 15-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, тіркеу ісі әрбір жер учаскесіне жүргізіледі және онда құқық белгілейтін әрі тіркеуге берілген өтінішке қоса тіркелген басқа да құжаттардың көшірмелері, оның ішінде жер учаскесіне сәйкестендіру құжатының, жылжымайтын мүлік объектілеріне техникалық паспорттардың көшірмелері, сондай-ақ жылжымайтын мүліктің осы объектісіне немесе оның құқық иелеріне қатысты тіркеуші органның құжаттары және электрондық құжаттардың қағаздағы көшірмелері қамтылады.»;

5) 17-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Жеке немесе заңды тұлғаның өзіндегі жылжымайтын мүлік объектілеріне құқықтары туралы жинақталған, тіркеуші орган растаған деректер құқық иесінің (уәкілетті өкілдің) сұрау салуы бойынша, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген олардың құзыретіне сәйкес іс жүргізіліп жатқан қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істер бойынша адвокаттардың, құқық қорғау, сот органдарының, сот орындаушыларының, салық органдарының және басқа да мемлекеттік органдардың, нотариустардың, мұрагерлердің, банкроттық рәсімдеріндегі конкурстық және оңалтушы басқарушылардың, сырттай байқау әкімшілерінің, мәжбүрлеп таратылатын заңды тұлғаның тарату комиссиясының (таратушының), қорғаншы және қамқоршы органдардың дәлелді сұрау салулары бойынша беріледі.»;

6) 2 0 - б а п т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу мынадай тәртіппен жүргізіледі: » ;

мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:

«2. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды электрондық тіркеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) нотариус мәмілені куәландырғаннан кейін: құқық иеленушінің жазбаша келісімімен, өзінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесін бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйе арқылы құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне жібереді;

жылжымайтын мүлікті сатып алушыны: құқық белгілейтін құжатқа бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйеде берілген бірегей нөмір туралы;

жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төленуге тиіс алым сомасы туралы немесе алымды төлеуден босату туралы хабардар етеді;

жылжымайтын мүлікті сатып алушы жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін алым төлеуден босатылған жағдайда, жеңілдік құқығын растайтын құжатты сканерлейді;

құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне: бар болған жағдайда мәмілеге қатысушылардың Интернет желісіндегі электрондық мекенжайларын;

тұлғаның жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін алым төлеуден босатылғанын растайтын құжаттың электрондық көшірмесін жібереді;

2) құқық иеленуші немесе оның уәкілетті өкілі жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін алым төлеушінің деректерін және құқық белгілейтін құжаттың бірегей нөмірін міндетті түрде көрсете отырып, ақпараттандыру саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган көздеген кез келген тәсілмен «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы мемлекеттік тіркеуге алым төлейді.

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін алым төленгеннен кейін чектің деректемелері (төлеудің бірегей коды, төлемді алушының атауы, бюджеттік сыныптаманың коды, екінші деңгейдегі банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның атауы, төлем төлеушінің деректері, оның ішінде оның сәйкестендіру нөмірі, алым сомасы, ақының күні мен уақыты, құқық белгілейтін құжаттың бірегей нөмірі) электрондық чек түрінде ЭҮТШ-те сақталады және құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне жіберіледі;

3) тіркеуші орган:

құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесінде, ал қажет болған жағдайда ЭҮТШ-те жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін алым төленгенін растайтын электрондық чектің болуын, төленген алымның толықтығын және электрондық чек пен құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесінде

көрсетілген құқық белгілейтін құжаттың бірегей нөмірінің сәйкестігін тексереді;
құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесінде жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін алым төленгені немесе алым төлеуден босатылғаны расталған жағдайда, осы баптың 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-әрекеттерді жүзеге асырады;

осы Заңда көзделген негіздер бойынша тіркеу жүргізілгені туралы не мемлекеттік тіркеуден бас тарту немесе оны тоқтата тұру туралы хабарламаны бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйеге, сондай-ақ бар болған жағдайда мәмілеге қатысушылардың электрондық мекенжайларына жібереді;

тіркеу ісінде сақтау үшін құқық белгілейтін құжатты, тіркеу жүргізілгені туралы не мемлекеттік тіркеуден бас тарту немесе тоқтата тұру туралы хабарламаны және жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін алым төленгенін растайтын электрондық чекті қағаз жеткізгіште басып шығарады.»;

7) 21-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

«6. Осы баптың ережелері жылжымайтын мүлікке құқықтарды электрондық тіркеу кезінде қолданылмайды.»;

8) 22 - бапта :

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Жылжымайтын мүлікке құқықтарды электрондық тіркеу мәмілеге қатысушылардың өтінішінсіз жүзеге асырылады.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Деректері құқық белгілейтін құжатта көрсетілмеген жұбайының біреуінің құқығын тіркеу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес неке жасына жеткен өтініш беруші тіркеуге берілген өтініште неке қатынастарында тұрғаны туралы фактінің жоқ екендігі туралы мәліметтерді не неке қатынастарының бар екенін растайтын құжаттың көшірмесін қоса бере отырып, өзінің жұбайы туралы мәліметтерді көрсетуге тиіс .

Егер неке шартында жұбайлардың жылжымайтын мүлікке үлестік немесе бөлек меншік режимі белгіленсе, онда тіркеуші органға неке шарты ұсынылады.»;

9) 23 - бапта :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы баптың 1-1, 2 және 3-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, жылжымайтын мүлікке құқықтарды (осындай құқықтар ауыртпалықтарын) мемлекеттік тіркеу тіркеуші органға өтініш келіп түскен кезден бастап он бес жұмыс күні ішінде жүргізілуге тиіс.»;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды электрондық тіркеу құқықтық

кадастрдың ақпараттық жүйесіне жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін алым төленгені туралы немесе алым төлеуден босату туралы растау келіп түскен күннен кейінгі күннен кешіктірілмей жүргізілуге тиіс.»;

1 0) 2 4 - б а п т а :

2-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Құқық белгілейтін құжаттардың электрондық көшірмелерінде тараптардың қолтаңбалары болмауы мүмкін және олар нотариустың электрондық цифрлық қолтаңбасымен міндетті куәландыруға жатады.»;

6-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Неке шарты екі данада беріледі, олардың біреуі түпнұсқа немесе нотариат куәландырған көшірме болып табылады.»;

8-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Электрондық тіркеу кезінде тіркеуші органға сенімхат ұсынылмайды.»;

1 1) 2 5 - б а п т а :

1-тармақтың 5) тармақшасындағы «ұсынғанда жол беріледі.» деген сөздер «ұсынғанда;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) құқықты (құқықтар ауыртпалықтарын) мемлекеттік тіркеуді болғызбайтын ауыртпалықтар болған кезде жол беріледі.»;

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Құжаттарды қабылдаудан бас тартылған жағдайда, тіркеуге келіп түсетін құжаттарды есепке алу кітабында құжаттарды қабылдау туралы жазба жүргізілмейді. Өтініш берушінің талабы бойынша тіркеуге құжаттарды қабылдауды жүзеге асыратын орган бас тарту себептерін көрсете отырып, хабарлама береді. Мұндай хабарламаның, тіркеу туралы өтініштің және оған қоса берілетін құжаттардың көшірмелері уәкілетті орган белгілеген тәртіппен сақталуға жатады.»;

1 2) 2 7 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) құқық белгілейтін құжаттардың негізінде белгіленетін тіркеу объектісінің және өтініште көрсетілген тіркеу объектісінің сәйкессіздігі кезінде олардың арасындағы қайшылықтарды жою үшін;»;

мынадай мазмұндағы 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын:

«6) жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін алым толық төленбеген кезде;

7) егер құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесі келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін алым төленгені туралы немесе тұлғаны алым төлеуден босату туралы растау түспесе, тоқтатыла тұрады.»;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Электрондық тіркеу осы баптың 1-тармағының 3) және 5) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша тоқтатыла тұрмайды.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Тіркеу тоқтатыла тұрған кезде тіркеуші орган өтініш берушіге (өтініш берушінің уәкілетті өкіліне) тоқтата тұрудың себептері мен мерзімдерін, құжаттың күні мен тіркеу нөмірін көрсете отырып, жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Хабарламада тіркеуді тоқтата тұрудың себептерін жою үшін өтініш берушінің кейінгі іс-әрекеттері және осы үшін қажетті мерзімдер көрсетілуге тиіс.

Электрондық тіркелген жағдайда тіркеуші органның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған аталған хабарлама бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйеге, сондай-ақ бар болған кезде – мәмілеге қатысушылардың электрондық мекенжайларына жіберіледі.

Тіркеуді тоқтата тұру туралы жазбаша хабарламаның көшірмесі және электрондық хабарламаның қағаздағы көшірмесі тіркеу ісінде сақталуға жатады.»;

1 3) 3 1 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік тіркеуден бас тарту мынадай жағдайларда:

1) құқықтық қатынастардың субъектілері мен объектілері, жылжымайтын мүлікке және өзге де тіркеу объектілеріне құқық немесе құқық ауыртпалығы түрі не олардың туындау, өзгеру немесе тоқтатылу негіздері заңнама талаптарына сәйкес келмеген к е з д е ;

2) егер мемлекеттік тіркеу тоқтатыла тұрған кезде қажетті құжаттар ұсынылмаған болса, өтініш иесі осы Заңның 21-бабына сәйкес мемлекеттік тіркеу үшін қажетті құжаттар топтамасын толық ұсынбаған кезде;

3) нысаны мен мазмұны бойынша заңнама талаптарына сәйкес келмейтін құжаттар тіркеуге ұ с ы н ы л ғ а н к е з д е ;

4) осы баптың 1-1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, құқықты немесе өзге де мемлекеттік тіркеу объектісін мемлекеттік тіркеуді болғызбайтын а у ы р т п а л ы қ т а р б о л ғ а н к е з д е ;

5) заңды күшіне енген сот актісінің негізінде;

6) егер тіркеуді тоқтата тұру мерзімі ішінде тоқтата тұруға негіз болған мән-жайлар ж о й ы л м а ғ а н б о л с а ;

7) егер бұрын туындаған құқықтың ауысуы, өзгеруі, тоқтатылуы немесе оған қатысты ауыртпалықтың анықталуы тіркеу объектісі болып табылса, мұндай құқық ол туындаған кезде қолданыста болған заңнамаға сәйкес келмеген кезде жүзеге а с ы р ы л а д ы . » ;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасымен белгіленген талаптар:

- 1) болған ауыртпалық өз мүддесінде тіркелген тұлғаның өзге ауыртпалықтары болмаған жағдайда, жылжымайтын мүлікке құқықтарының туындағанын;
- 2) жылжымайтын мүлікке құқықтардың мұраға қалдыру тәртібімен ауысқанын;
- 3) борышкердің мүлкін басқару құқығы оңалтушы не конкурстық басқарушыға (т а р а т у ш ы ғ а) а у ы с қ а н ы н ;
- 4) пайдалану құқығы түріндегі ауыртпалық тіркелген жылжымайтын мүлікке к ұ қ ы қ т а р д ы ң а у ы с қ а н ы н ;
- 5) ортақ мүліктегі үлеске құқықты;
- 6) құқықтық кадастрдың тіркеу парағында қамтылатын құқық иеленуші туралы мәліметтердің өзгергенін;
- 7) бөлінуіне (бірігуіне) немесе нысаналы мақсатының өзгеруіне әкеп соқпайтын, жылжымайтын мүлік объектісінің сәйкестендіру сипаттамаларының өзгергенін;
- 8) кепіл міндеттемелері сомаларының өсуіне әкеп соқпайтын, шарттар т а л а п т а р ы н ы ң өзгергенін;
- 9) кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемелердің орындалмауы туралы хабарламаларды тіркеу кезінде қолданылмайды.

Ауыртпалықтар болған кезде құқықтардың ауысуын тіркеген жағдайда тіркеуші орган тіркеуге өтініш берген күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде кепіл ұстаушыны немесе шешімі бойынша шектеу қойылған тиісті уәкілетті органды жүргізілген тіркеу туралы х а б а р д а р е т у г е т и і с . » ;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Мемлекеттік тіркеуден бас тартылған кезде тіркеуші орган өтініш берушіге бас тартудың себептерін, құжаттың күні мен тіркеу нөмірін көрсете отырып, мемлекеттік тіркеудің аяқталу мерзімінен кешіктірмей хабарлама жіберуге тиіс.

Электрондық тіркелген жағдайда тіркеуші органның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған аталған хабарлама бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйеге, сондай-ақ бар болған кезде – мәмілеге қатысушылардың электрондық м е к е н ж а й л а р ы н а жіберіледі.

Тіркеуден бас тарту туралы жазбаша хабарламаның және өтініш беруші тіркеуші органға ұсынған басқа да құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ тіркеуден бас тарту туралы электрондық хабарламаның қағаздағы көшірмесі тіркеу ісінде сақталуға жатады .»;

14) 33-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Ауыртпалықтардың болуы мәмілені немесе өзге де құқық белгілейтін құжатты жарамсыз деп тану туралы сот актісінің орындалуына кедергі болмауға тиіс.

Ауыртпалықтар болған кезде жылжымайтын мүлікке құқықтың туындағанын тіркеу туралы жазбаның күші жойылған жағдайда, тіркеуші орган сот актісі келіп түскен

күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде кепіл ұстаушыны немесе шешімі бойынша шектеу қойылған тиісті уәкілетті органды құқықтық кадастрдың тіркеу парағындағы жазбаның күші жойылғаны туралы хабардар етуге тиіс.»;

1 5) 3 4 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Электрондық тіркеуді қоспағанда, тіркеуші орган жүргізілген тіркеуді тіркеуге ұсынылған құқық белгілейтін құжатта жазба жасау арқылы куәландыруға міндетті.»;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды электрондық тіркеу бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйеге, сондай-ақ бар болған кезде – мәмілеге қатысушылардың электрондық мекенжайларына тіркеуші органның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған тіркеу жүргізілгені туралы хабарлама жіберу арқылы расталады.»;

16) 36-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Егер тіркеу ісінде электрондық құжаттың тек қағаздағы көшірмесі болса, құқық белгілеуші құжаттың телнұсқасын нотариус береді.»;

17) 38-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. «Байқоңыр» кешенінің мемлекеттік заңды тұлғаға бекітіліп берілген үйлеріне (құрылыстарына, ғимараттарына) құқықтарды мемлекеттік тіркеу жер учаскесіне байланыстырылмай жүзеге асырылады.»;

18) 44-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Сот актісімен белгіленген жылжымайтын мүлікке құқық (құқық ауыртпалығы) осы бапта белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, жалпы негіздерде тіркелуге ж а т а д ы .

Тіркеуші орган, сот актісі негізінде туындаған ауыртпалықтардың болуын қоспағанда, сот шешімімен белгіленген құқықтарды тіркеуден бас тартуға құқылы емес .».

47. «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» 2008 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 24, 127-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 5, 35-құжат):

20-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) тексеру аяқталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілерге бұзушылықтарды жою туралы орындалуға міндетті ұйғарымдар жібереді;».

48. «Босқындар туралы» 2009 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 23, 116-құжат; 2010 ж., № 24, 149-құжат):

10-баптың 4-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Уәкілетті орган күнтізбелік екі күн ішінде олардың Қазақстан Республикасының аумағында болу мән-жайларын анықтайды және босқын мәртебесін беру туралы өтінішхатты тіркейді.»

49. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 7, 27-құжат; № 24, 145-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 5, 43-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 6, 43-құжат):

1) 41-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«41-бап. Атқарушылық әрекеттерді кейінге қалдыру

Атқарушылық әрекеттер жасауға кедергі келтіретін мән-жайлар болған кезде сот орындаушысы борышкердің өндіріп алушымен келісілген өтініші бойынша немесе өндіріп алушының өтініші бойынша оларды он күнге дейінгі мерзімге кейінге қалдырады, бұл жөнінде тиісті қаулы шығарылып, оны мемлекеттік сот орындаушылары үшін аумақтық бөлімнің басшысы бекітеді. Атқарушылық әрекеттерді кейінге қалдыру туралы сот орындаушысы өндіріп алушы мен борышкерді, сондай-ақ олардың өкілдері атқарушылық іс жүргізуге қатысқан жағдайда, оларды хабардар етуге міндетті.»;

2) 4 8 - б а п т а :

3 - т а р м а қ т а :

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) прокурордың қаулысы прокурорға қайтарылады;»;

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) қылмыстық істер бойынша мемлекет пайдасына өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттар сотқа қайтарылады.»;

4-тармақ алып тасталсын;

3) 95-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

4) 98-баптың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) бала тууға байланысты берілетін жәрдемақылардан, кәмелетке толмаған балаларды асырауға берілетін жәрдемақылардан, сондай-ақ зейнеткерлер мен I топтағы мүгедектерге төленетін жәрдемақылардан;»;

5) 138-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жеке сот орындаушысының орындауына, мемлекеттен өндіру туралы атқарушылық құжаттарды қоспағанда, осы Заңда көзделген барлық атқарушылық құжаттар қабылдануы мүмкін.»;

6) 140-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жеке сот орындаушысы лауазымына жиырма бес жасқа толған, жоғары заңгерлік білімі бар, жеке сот орындаушысында үздіксіз тағылымдамадан өткен, біліктілік емтиханын тапсырған, атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензия (бұдан әрі – сот орындаушысының

лицензиясы) алған, осы Заңда белгіленген тәртіппен жеке сот орындаушысының бос лауазымына орналасуға конкурстан өткен Қазақстан Республикасының азаматы тағайындалады.

2. Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған; өзіне жеке сот орындаушысы лауазымына тағайындалғанға дейін үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған; сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған; бұрын мемлекеттік, әскери қызметтен, құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардан, соттардан және әділет органдарынан теріс себептермен босатылған; заңда белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған соттылығы бар; кезеңдік төлемдерді өндіріп алу туралы атқарушылық іс бойынша борышкер болып табылатын және үш айдан артық кезеңдік өндіріп алу бойынша берешегі бар адамды қоспағанда, атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкер болып табылатын; жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына берілген лицензиядан айрылған адам жеке сот орындаушысы бола алмайды.»;

7) 142-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Тұрақты судьялар, өз міндеттерін орындау кезінде атына кір келтіретін теріс қылықтары және заңдылықты бұзғаны үшін судья қызметінен босатылған судьяларды қоспағанда, тұрақты судья болып жұмыс істеген адамдар не теріс себептермен босатылғандарды қоспағанда, атқарушылық іс жүргізу саласындағы уәкілетті органда және оның аумақтық органдарында кемінде бес жыл жұмыс істеген адамдар, кемінде он жыл жұмыс өтілі бар құқық қорғау органдары қызметкерлері тағылымдамадан өтпей және біліктілік емтиханын тапсырмай сот орындаушысы лицензиясын алуға құқылы.»;

8) 152-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Астана және Алматы қалаларындағы жеке сот орындаушысы қызметінің аумағы Астана және Алматы қалаларының бүкіл аумағын қамтиды. Атқару округтері болып табылатын облыс орталықтарының және облыс аудандарының шектеріндегі жеке сот орындаушысы қызметінің аумағы облыстың бүкіл аумағын қамтиды.».

50. «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 12, 60-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжаттар; № 3, 21-құжат; № 4, 30-құжат; № 6, 46-құжат):

1) 25-бап мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

«8-1) жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын, теміржолдарды және гидрокұрылыстарды салу (реконструкциялау) және жөндеу кезінде жер қойнауын пайдалану құқығына жазбаша рұқсат беруді келіседі;»;

2) 27-бап мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

«13-1) жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын, теміржолдарды және

гидроқұрылыстарды салу (реконструкциялау) және жөндеу кезінде жер қойнауын пайдалану құқығына рұқсат береді;»;

3) 3 5 - б а п т а :

1-тармақтағы «және 9» деген сөздер «, 9 және 10» деген сөздермен ауыстырылсын;
екінші бөліктің 2-тармағының 3) тармақшасы алып тасталсын;
7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Осы баптың 10-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беру облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органымен келісімшарт жасасу жолымен жүргізіледі.»;
мынадай мазмұндағы 10-тармақпен толықтырылсын:

«10. Жалпыға ортақ пайдаланатын автомобиль жолдарын, теміржолдарды және гидроқұрылыстарды салу (реконструкциялау) және жөндеу кезінде пайдаланылатын кең таралған пайдалы қазбаларға арналған жер қойнауын пайдалану құқығын беру Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша жергілікті атқарушы органның жазбаша рұқсаты негізінде жүзеге асырылады.»;

4) 40-баптың 2-тармағының 2) тармақшасында:
«6-тармағына сәйкес» деген сөздер «6 және 10-тармақтарына сәйкес» деген сөздермен ауыстырылсын;

«өндіруге» деген сөзден кейін «, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын, теміржолдарды және гидроқұрылыстарды салу (реконструкциялау) және жөндеу кезінде жер қойнауын пайдалану құқығын беруге» деген сөздермен толықтырылсын.

51. «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 17-18, 113-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат):

1) 13-бап мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

«10-1) Азаматтық әуе кемесі данасын сертификаттау және оның ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігіне куәлік беру қағидаларын бекітеді;»;

2) 44-баптың 2-тармағы «уәкілетті орган» деген сөздерден кейін «Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Азаматтық әуе кемесі данасын сертификаттау және оның ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігіне куәлік беру қағидаларына сәйкес» деген сөздермен толықтырылсын;

3) 106-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Авиациялық қауіпсіздік қызметіне жұмысқа алу кезінде заңда белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған соттылығы бар адамдар қабылданбайды.».

52. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1, 1-құжат; № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; № 15, 120-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 14-құжаттар; № 3, 21, 25, 27 - қ ұ ж а т т а р) :

16-баптың 7-тармағының 5) тармақшасындағы «белгіленбеген» деген сөз « белгіленген» деген сөзбен ауыстырылсын.

53. «Құқық қорғау қызметі туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1, 4-құжат; № 19, 145-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 5, 41-құжат):

1) 4 7 - б а п т а :

3 - 1 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

5-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) кәсіптік жарамдылығын айқындау бойынша белгіленген нормативтерді тапсыруды;»;

2) мынадай мазмұндағы 47-1-баппен толықтырылсын:

«47-1-бап. Кезектен тыс аттестаттау

1. Кезектен тыс аттестаттау оның тәртібін, мерзімдерін және аттестатталатын қызметкерлердің санаттарын айқындайтын Қазақстан Республикасы Президентінің ш е ш і м і б о й ы н ш а ө т к і з і л е д і .

2. Кезектен тыс аттестаттаудың қорытындысы бойынша аттестаттау комиссиясы мынадай ш е ш і м д е р д ің б і р е у і н қ а б ы л д а й д ы :

1) атқаратын лауазымына сәйкес келеді және кадр резервіне қабылдауға немесе жоғары тұрған лауазымға жылжытуға ұсынылады;

2) атқаратын лауазымына сәйкес келеді;

3) атқаратын лауазымына сәйкес келмейді және лауазымын төмендету ұсынылады;

4) атқаратын лауазымына сәйкес келмейді және басқа қызметке (лауазымға) а у ы с т ы р у ұ с ы н ы л а д ы ;

5) атқаратын лауазымына сәйкес келмейді және қызметтен босату ұсынылады.

3. Кәсіптік жарамдылықты айқындау бойынша нормативтер тапсырмаған және тестілеу кезінде шекті мәннен төмен баға алған жағдайда, аттестаттау комиссиясы осы баптың 2-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген шешімдердің біреуін қ а б ы л д а й д ы .

4. Аттестаттау комиссиясының отырысына дәлелсіз себеппен екі рет келмеген қызметкерлерді осы Заңда белгіленген тәртіппен қызметінен босату ұсынылады.

5. Кезектен тыс аттестаттаудан өтпеген және (немесе) құқық қорғау органдарында өзге, оның ішінде төменгі тұрған лауазымдарда қызметін жалғастырудан бас тартқан құқық қорғау органдарының қызметкерлері осы Заңда белгіленген тәртіппен қызметтен босатылуға жатады.»;

3) 48-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі «шарттарын,» деген сөз «шарттары, кәсіптік жарамдылығын анықтау бойынша нормативтер,» деген сөздермен ауыстырылсын.

4) 50-бап мынадай мазмұндағы 8-1-тармақпен толықтырылсын:

«8-1. Тестілеудің не кәсіптік жарамдылықты айқындау бойынша нормативтер тапсырудың нәтижелерін бұрмалау фактілері анықталған жағдайда, жоғары тұрған аттестаттау комиссиясы немесе құқық қорғау органының жоғары тұрған басшысы аттестаттау комиссиясы шешімінің күшін жоюға тиіс.»

54. «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 5, 42-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; № 17, 136-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 16-құжаттар; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 41-құжат; № 6, 43-құжат):

1) 134-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 20-1) тармақшамен толықтырылсын:

«20-1) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары үшін қаруды, әскери техниканы және өзге де пайдаланылмайтын әскери мүлікті жою (құрту, кәдеге жарату, көму), қорғаныс объектілерін жалға беру, қаруды, әскери техниканы, оқ-дәріні, оларға қосалқы және жинақтауыш бұйымдарды, өнімдерді, жабдықты және қосарлас қолданылатын тиісті технологияларды өткізу (оның ішінде экспорттау) және сатып алу (оның ішінде импорттау);»;

2) 138-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Еңбекке ақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде
д е р б е с а й қ ы н д а й д ы .

Қазыналық кәсіпорын жұмыскерлерінің еңбекке ақы төлеу жүйесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

3. Шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін – тиісті саланың уәкілетті органы, ал коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін жергілікті атқарушы орган белгілейді.»

55. «Халықтың көші-қоны туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 16, 127-құжат; 2012 ж., № 5, 41-құжат):

1) 1-баптың 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«12) қоныс аударушы – тұруға аса қолайсыз экологиялық жағдайлар қалыптасқан және даму әлеуеті төмен елді мекендерден тұрақты тұру үшін Қазақстан

Республикасының экономикалық жағынан перспективалы өңірлеріне ішкі көшіп-қонушылардың қоныс аудару квотасына сәйкес Қазақстан Республикасының ішінде қоныс аударушы адам;»;

2) 6-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Көшіп келушілер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өткеннен кейін күнтізбелік бес күн ішінде Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында тіркелуге міндетті. Көшіп келушілер тұратын жерлері өзгерген жағдайда, бұрынғы тіркелген жері бойынша есептен шыққан күннен бастап, күнтізбелік бес күн ішінде тұрғылықты жері бойынша тіркелуге міндетті.

Көші-қон карточкалары Қазақстан Республикасынан кеткен кезде тапсырылуға жатады.»;

3) 8-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) халықты құжаттандыру және тіркеу тәртібін айқындайды;».

56. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 1, 3-құжат):

1 5 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

2) тармақша «мемлекеттік орган» деген сөздердің алдынан «арнаулы» деген сөзбен толықтырылсын;

4) тармақшадағы «арнаулы мемлекеттік органдар» деген сөздер «құқық қорғау органдары» деген сөздермен ауыстырылсын.

57. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 13 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 3, 21-құжат):

1-баптың 1-тармағының б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«б) 541-баптың бірінші бөлігі «218-1 (жетінші бөлігінде),» деген сөздерден кейін «219-6, 219-8 (екінші және үшінші бөліктерінде),» деген сөздермен толықтырылсын.

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2013.01.08 N 64-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-бап. Осы Заң, 1-баптың алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілетін 53-тармағын, 2012 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 3-тармағын, 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 8-тармағының 1) тармақшасын, 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 8-тармағының 5),

б) және 7) тармақшаларын, 46-тармағының 1) тармақшасының екінші, үшінші, алтыншы және жетінші абзацтарын, 2), 4) тармақшаларын, 6) тармақшасының төртінші – жиырма бірінші абзацтарын, 7) тармақшасын, 8) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын, 9) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтарын, 10) тармақшасының екінші, үшінші, алтыншы және жетінші абзацтарын, 12) тармақшасының бесінші – он

үшінші абзацтарын, 13) тармақшасының жиырма бесінші және жиырма алтыншы абзацтарын, 15) және 16) тармақшаларын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Н. НАЗАРБАЕВ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК